

W00064 21.12.2020

Жаңартылған білім беру мазмұны география сабақтарында

ДЕМЕУОВ НУРЛАН НАРГАЛИЕВИЧ

*Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақеспе ауылы
№ 237 негізгі мектебінің География пәнінің мұғалімі*

*«Мұғалім-мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне
ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тымсыз лаулаған жалын иесі»*

Я.А.Коменский

Елбасымыз Қазақстанның қарқынды даму барысында әр жылы халыққа арналған жолдауларында оқу білім саласын міндетті түрде қамтып, бағытымызды анықтап, жолымызды саралап келеді. «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» Н.Ә.Назарбаев Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабы. Сонықтан білім мазмұнын жаңартудың басты мақсаты – білім сапасын көтеру.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 2019-2020 оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі: спиральді қағидатпен берілуі. Спиралды құрылым білім мен дағдылардың сыныптан сыныпқа ілгерлемелі дамуын қамтамасыз етеді. Яғни білімнің қарапайым деңгейден күрделі деңгейге көшуі болып табылады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Жаңартылған білім мазмұнында бағалаудың критериалдық жүйесі мұғалімге оқушының білімін, ептілігін және дағдысын анықтап қана қоймай, сонымен қатар оларды оқушының функционалдық сауаттылығымен байланыстырып қарауға мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім мазмұнындағы критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. География сабағындағы қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Критериалды бағалау бойынша мысалы қалыптастырушы

бағалауға тапсырма жасаған кезде оқу мақсаты сабақтың мақсатындағы етістікті Блум таксономиясының қай сатысы екенін анықтап алу қажет. Яғни, ойлау дағдыларының деңгейін сәйкестендіреміз. Оқу мақсаттарын ойлау дағдыларының деңгейімен және бағалау критерийлерімен сәйкестендіру маңызды рөл атқарады. Сабақты құрғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа аламыз.

География сабағында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тиімді құралымыз Блум таксономиясы. Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясының мақсаты-оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру.

География пәні бойынша берілетін тапсырма Блум таксономиясы бойынша сол ойлау деңгейінен асып кетпеуі шарт. Қолдану болса тапсырмада одан жоғарғы талдау, жинақтау, бағалау бойынша тапсырмалар берілмейді. Блум таксономиясы оқыту нәтижелерін жазу үшін жиі қолданылады, ол дайын құрылыммен және етістіктер тізімімен қамтамасыз етеді. Етістіктерді дұрыс қолдану – оқыту нәтижелерін ойдағыдай жазып шығудың кілті. Бағалау критерийі де оқу мақсатымен тығыз байланысты.

Бағалау критерийі дегеніміз — білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме. Одан кейін тапсырма құрастырамыз. Бағалау критерийінен дескрипторлар беріледі, яғни критерийді қадам бойынша ашамыз.

Дескриптор – оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым. Тапсырманы әр оқушы дескрипторларға қарай отырып, өз деңгейінде орындайтын болады. Тапсырманы орындау үшін берілетін уақытты нақты белгілеу. Жұмыстың аяқталу мерзімін тақтаға жазып қойған орынды. Дәл осы уақытта жұмыс тоқтатылып, қажет болса жиналып алынады. Мұғалім тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді, немесе тақтаға жазып қояды. Әр топқа немесе әр оқушыға таратып беруге де болады. Тапсырма бойынша не жасау керектігін 1 минут уақыт беріп топ ішінде талқылауға да болады. Критерийлер мен дескрипторлар әр оқушыға немесе топқа таратылады. Интерактивті тақтаға шығарып қоюға да болады. Тапсырманы дұрыс түсінгендігін анықтау қажет. Берілген тапсырманы топ немесе жұп құрамында орындау қажет. Оқушылардың бұл жұмысты таңдап алған рөлдер ауқымында жүзеге асырғандығы дұрыс. Мұнда топтағы өзара позитивті тәуелділікті тудыру үшін әр топтың спикерін көрші топтың таңдағаны орынды. Бұл спикерді топтың өзі тағайындаудан әлдеқайда тиімді болады, өйткені топ мүшелері топ намысын бермеу үшін барлық оқушылардың талқылауға белсенді қатысып, спикер болатындай дәрежеге шығуға тырысады. Оқушылар өз жұмыстарын сыныпқа таныстыру, қорғау үшін қанша уақыт берілгенін айту керек. 1, 2, 3

минут. Жариялау барысындағы ең маңызды сұрақ: «Бір топ қорғағанда қалған оқушылар не істеп отырады?» Қалған оқушылар бекер отырмау үшін олар бір-біріне кері байланыс беруге дайындалып отырады. Ол үшін жариялаумен таныса отырып (тыңдап, қарап отырып), бір топ (немесе бір оқушы) сұрақтар қоюға дайындалса, екінші топ (немесе оқушы) «жұлдызшалар» беруге (таныстырылымның ұтымды жақтарына тоқталу), ал үшінші топ (немесе оқушы) таныстырылымды қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс жасауға дайындалады.

Егер төртінші топ болса (немесе төртінші оқушы), онда оларға таныстырылымды қорытындылау тапсырмасы беріледі, яғни оқушылар мұның оларға жасаған әсері, көмегі, маңызы туралы өз ойларымен бөліседі. Осылайша оқушылар тек мұғалімге жауап бермей, өз таныстырылымдарын бүкіл сыныпқа бағыттайды. Қалған оқушылар да өздерінің жұмыстарымен әлек болмай, назарларын жарияланып жатқан жұмысқа (немесе айтылып жатқан жауапқа) аударады. Жариялау немесе таныстырылым аяқталған соң оқушылар оның сапасы туралы өз ойларын ортаға салып, жағымды жақтарына тоқталады және оны жақсарту туралы ұсыныстар жасайды. Әрине, мұнда кері байланыстың «сыншыл дос» ұғымы ауқымынан шықпағаны дұрыс. Сонымен бірге кері байланыс жауап берген оқушыларға пайдалы болып, оларды ынталандыруы және қанаттандыруы керек. Мұнда бұл оқушылардан кері байланысты қалай қабылдағандығы туралы сұраған орынды: кері байланысқа қайта кері байланыс жасату. Мұғалім мен оқушылар арасында тиімді қарым-қатынас, өзара түсінушілік арқылы қалыптастырушы бағалауды сабақта қолданса, табыс критерийлерін оқушылармен бірлесе отырып құрса, оқушының да пәнге деген қызығушылығы артады.

Қалыптастырушы бағалау сабақ үдерісінде үздіксіз жүргізіледі, бұл бағалау оқушы қатесін түзетуге мүмкіншілік беріледі. Сабақта мұғалім әрбір тапсырмадан кейін қалыптастырушы бағалауды кіріктіріп отырса, Джон Хэтти зерттеулеріне сәйкес оқушының оқуына әсер етуде жазбашаға қарағанда ауызша кері байланыс неғұрлым тиімдірек екені ескерілсе, оқыту нәтижелі болады. Оқушылар сабақ үдерісінде құрбыларын бағалауда бір-біріне құнды кері байланыс ұсына алады және бір-бірінен үйренеді, бір-бірін қолдайды. Жаңартылған мазмұндағы білім беруде, оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру - мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Қытайдың дана ойшылы Конфуций: «Ескіден қол үзіп, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», - деген, сондықтан, қазіргі заман мұғалімі – рухани жағынан дамыған, педагогикалық әдіс-тәсілдердің барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман болуы керек. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы қажет. Сабақта жеке, жұптық,

топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады.

География пәні көбіне ауызша жауаптары талап ететін болғандықтан жұптық, топтық, жеке жұмыстар арқылы табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын сабақ барысында зерделеуге, зерттеуге жұмысын жүргізуге, болжамдар жасауға, өз пікірін дәлелдеуге, гипотеза ұсынуына, тіпті өзіндік кішігірім жаңалық ашуына мүмкіндіктер береді. География ғылымы-өте қызықты да күрделі ғылым. Жаңартылған білім мазмұнын география пәнінде жүзеге асыру үшін мұғалімнен үлкен шеберлікті, оған қоса ғылым мен техника жаңалықтарын, яғни жаңа педагогикалық технологияларды әр сабағында тиімді қолдануды талап етеді.

XXI ғасыр- ақпараттық технология ғасыры. Қоғамды ізгілендіру, оның білім мен мәдениет жүйесін дамыту процесінде ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқарады. География пәні үшін басқа пәндермен салыстырғанда, картамен жұмысты талап етеді, сондықтан оқушылардың материктер мен дүние бөліктеріндегі және аралдардағы елдер мен халықтар жайында деректерді жинау, оларды сараптау, салыстыру, маңыздылығын бағалау басқа пәндермен байланыстыру оқушы үшін ерекше қызық. Мысалы: материктің қалыптасуын, дамуын және қазіргі табиғат жағдайындағы ұқсастықтарын, солтүстік және оңтүстік жарты шар материктерін бейне материалдан көрсету оқушының білімін кеңейтеді және пән туралы ұғымын қалыптастырады.

Оқушылар оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер, интернет ақпараттарын пайдалану арқылы бір-бірімен білім алмасып бір-бірінің оқуының ілгерлеуіне ықпал етеді.

Педагог-жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» дегендей, сабақты өткізуде белсенді оқыту түрлерін қолдану арқылы оқушы уәжін арттыруды; мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланыс орнатуды; оқу жетістігін критериялды жүйе арқылы бағалауды да ескеруі қажет. Нәтижесінде білім алушылар өзара ынтымақтастықта жұппен, топпен жұмыс істеуге; өз ойларын еркін жеткізуге; өзін-өзі және серіктестерін бағалауды жүзеге асыруға; бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға; оқытудың белсенді әдістерінің пән мазмұнына еніп, алынған білімнің негізінде еркін бағдарлай білуге дағдыланады. Қорыта келе айтарым, жаңартылған мазмұндағы білім беруде, оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру-мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. География сабақтарында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызы зор.

W00065 21.12.2020

«Музыка» пәнін жаңартылған білім беру жағдайында оқыту

ДЕМЕУОВА ТОҒЖАН АБДИМУРАТОВНА
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақеспе ауылы
№ 237 негізгі мектебінің Музыка пәнінің мұғалімі

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, қазіргі заман талабы озық ойлы білімдарлықты талап етеді. Жаңаша қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Яғни, мұндағы бала өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мұғалім бағыт беруші, нұсқаушы. Жаңа бағдарламаның басты мақсаттарының біріде осы.

Қазіргі біздің қоғамның жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қоймағаны сөзсіз. Осыған орай, көп мектептерде сабақты жаңартылған білім жүйесі қалыптасуда. Олар көбінесе, оқытудың жаңаша әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсат – әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік мүмкіншіліктерін ескере отырып, оны жаңа сапалық сатыға көтеру. Өз пікірінде көрнекті педагог В. Сухомлинский «Өнер – өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» деп тәрбие үрдісінде өнерге аса көңіл аудару қажеттілігін қысқа да түсінікті түрде атап көрсеткен болатын. Сырлы да сазды әуендерімен, классикалық музыкамен ұштастыра, шығармашылықпен тақырыпты аша түсіп, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өз ісінде шеберлігін талап етеді. Оқуға ынтасы барды да, ынтасыздарды да, тәртіптілер мен тәртіпсіздерді де музыка әлеміне қызықтырып, оқушылардың рухани бейнесін қалыптастыра отырып, қоғамның саналы азаматы етіп шығару – ұстаздардың ең басты мақсаты.

Музыка пәнінде жаңа әдістерді пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру жолында білім мен біліктіліктің танымдық маңызы зор болатыны белгілі. Мен осы бағытарда сабақты түрлендіруде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып сабақты жаңаша түрде ұйымдастыруды жүзеге асырып келемін. Мысалы: Интерактивтік тақтамен жұмыс, мультимедиялық көрініспен, жаңаша тапсырмалар арқылы сабақты түрлендіре отырып өткізуді дәстүрге айналдырдым. Өтілетін тақырыптарға байланысты

қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ сапасын арттыруға ықпалы көп.

Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып ой толғау жасауға болады. (мыс: музыка сабағында сабақты ойын түрінде ұйымдастыру керек) осы арқылы оқушылардың биімділігін арттыруға болады.

Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беріп, олардың бойына туған өлкесіне, халқына деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін сіңіруде ұлттық музыка мәдениетінің алатын орны ерекше екендігі белгілі. Халқымыздың осы мақсатын қайта жандандыру мақсатында балаларды қабілетіне қарай жыраулық өнерге, терме айтуға, шешендікке, тапқырлыққа, айтыс өнеріне үйретуде музыка пәнінің алатын орны орасан зор. Олай болса, оқытумен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып білім сапасы арттады.

Сөз соңында дамудың негізі білім мен ғылым, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың тұлға ретінде қалыптасуына, үйлесімді дамуына ұстаздардың жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгеруінің, кәсіби дамуының маңызы зор екенін айтқым келеді.

W00066 21.12.2020

Педагог - шығармашылықпен өзін - өзі дамытушы тұлға

БЕШЕНОВА РОЗА НАЖМАДИНОВНА
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Жаңақоныс ЖББОМ
Ұйымдастырушы-педагог

Педагог – зиялы тұлға және мәдениет адамы.

Қазіргі заман талабына сай мұғалім болу ең жауапты, ең күрделі, ең зиялы мамандық болып табылады. Себебі, ол адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған зор жауапкершілікті қажет ететін мамандық.

Қазіргі оқу орындарының міндеттері:

- Алдыңғы ұрпақтың соңғы ұрпаққа жинаған, қалыптастырған мәдени құндылықтарын жеткізу;
- Баланың тұлғасын дамыту;
- Баланың әлеуметтік бейімделуі.

Қандай бір әдістермен педагогикалық технологияны пайдаланбасын, баланың рухани жан дүниесіне әсер етуде мұғалімнің өз тұлғасының әсері ерекше. Оқушылардың мұғалім бойындағы ең бағалы деп есептейтін қасиеттері: баланы жақсы көруі, мейірімділік, сезімталдық, әділеттілік, талап қойғыштық, әзіл айта білуі, келешекке сенімділік, іске шығармашылықпен қарау болып табылады. Ал, мұндай қасиеттерге еге болу үшін мұғалім рухани бай, зиялы және шығармашыл тұлға болуы қажет. К. Д. Ушинский: «Оқу орнының талабына көп нәрсе байланысты, ең бастысы тәрбиешінің тұлғасының рөлі ерекше, жас ұрпаққа беретін әсерін оқулықпен, жазалау және мадақтаумен алмастыруға болмайды», - деп жазған.

Әрқайсымыз, студент не жас мұғалім болайық «мұғалім» деген сөзді естігенде өзінің ең сүйікті мұғалімдерін кәсіби шеберліктермен қоса, тұтастай тұлға ретінде есіне алады.

Мұғалімнің тұлғасын тұтастай алып қарау, әрқайсысының жеке ерекшеліктерін де қоса қарастырады. Сонымен ХХІ ғасыр мұғалімнің тұлғасы қандай болу керек деген сұрақтың төңірегінде ой толғау.

Педагог – зиялы тұлға. Өзін жинақы, сүйкімді ұстайды. Прогрессивті көзқарастарды алға тартады. Сыни көзқарасы қалыптасқан, ұстамды, өзгелердің пікіріне сыйластықпен қарайды.

Жүйелі түрде өзіне - өзі баға беріп, рефлексия жасап отырады: мәдениеті, эрудициясы жоғары, эстетикалық, көркемдік талғамы бар. Саясатқа, білімге, өнердегі жаңалықтарға қызығушылық танытады. Шығармашылықпен өзін - өзі үздіксіз дамытып отырады.

Педагог – рухани бай тұлға. Оның рухани байлығы балаға деген махаббатынан, жоғары адамгершілік және ұят сезімінен көрінеді. Ол өзінің оқушылары және әріптестерінің пікірімен санасады. Тұлғаның рухани байлығы өмірдің мәнін және өмір сүру мақсатын, өзінің кәсіби шеберлігін айқындауына ұмтылуында болып табылады. Педагог адамдардың қарым - қатынасына, әлем сұлулығына ерекше мән береді. Онда эмпатия мен рефлексия жоғары дамыған. Ол жаңа өсіп келе жатқан баланың рухани әлемінің байлығын түсінуге тырысады, сондықтан да өзінің планетарлық, тіпті космостық ойлау үрдісін дамытады.

Педагог – шығармашыл тұлға. Ол бірсарындылықты ұнатпайды, сондықтан үздіксіз ізденіс үстінде, жаңашыл. Ойлап шығару, жүзеге асыру – оның қалыпты кәсіби үлгісі.

Мұғалім – еркін тұлға. Оның еркіндігі өмірде және кәсіби қызметте мәдениет әлемінде өз орнын табуынан көрінеді. Оның еркін ой - пікірі және кәсіби жауапкершілікті сезінуімен тұтастықта. Өзін - өзі бағалай алады, алайда менмендікке жол бермейді. Ол материалдық және рухани құндылықтар әлемінде өз бағытын еркін айыра алады, педагогикалық догмалардан аулақ. Ол батыл шешім қабылдайды, өзінің өмірлік позициясы бар, яғни айналадағы ортаға, адамдарға, өзіне деген қарым - қатынастың берік жүйесі бар.

Педагог – адамгершілігі мол, мейірімді тұлға. Бүкіл тіршілік атаулыға, әсіресе балаға үлкен сүйіспеншілікпен қарайды. Өзімен көз қарасы сәйкес келмейтін адамдарға төзімділік танытады. Әр ұлт өкілдеріне және халықтың салт - дәстүрлеріне сыйластықпен қарайды.

Педагог – бәсекелестікті тұлға. Жоғары кәсіби шеберлікті меңгеру үшін рынок жағдайында өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін біліп, мықты жақтарына сүйене отырып, әлсіз жақтарын жетілдіріп отыру керек. Озық педагогикалық тәжірибелерді оқып, танып өз ой елегінен өткізе отырып, шығармашылықпен қолдана білу керек. Кәсіби мәні бар басылымдарды қадағалап, үздіксіз білім жетілдіру курстарынан өтіп отырған жөн. Бәсекелестікті тұлға болу үшін тек өз елімізде емес, білім кеңістігінде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болады, жоғары еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылады.

Педагог мәдениет адамы. Ол белгілі бір мәдени кеңістік пен әлеуметтік - мәдени ситуацияларды ескере отырып, ең жаңа ғылым, өнер жетістіктерін бойына сіңіреді. Өз халқының әдет - ғұрпы мен салт – дәстүрін бағалайды, біледі. Көркем және кәсіби әдебиеттерге қызығушылық танытады, өнердің алуан түріне мән береді, ең бастысы өзінің шәкірттеріне қызықтыра біледі.

Педагог- тәрбиеші. Педагог қандай бір бағытты қаламасын, қандай міндеттерді шешпесін, негізгі қызметі – тәрбиешілік. Тәрбие үрдісі тәрбиеленушілердің алуан түрлі іс - әрекеттерін (ойын, оқу, еңбек, жеке, ұжымдық) педагогикалық басқару негізінде жүзеге асады. Қазіргі кезеңде тәрбиеші – педагогтың тәрбие жұмысын ұйымдастырушы ретінде нақты тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған білім, білік

қабілеттеріне талдау жасау керек. Мұғалім – тәрбиеші үшін ең маңызды, ең шешуші құндылықтарға назар аударған жөн. Құндылықтар жүйесі қазіргі мұғалімдердің педагогикалық мәдениетінің мазмұнын айқындайды. Негізгі құндылықтардың ең бастысы – бала, оның рухани – адамгершілік әлемі.

Мұғалім үшін ең маңыздысы, оның іскерлігі болып есептеледі, сонымен қатар, психологиялық мәдениеттің де рөлі ерекше. Бала психологиясының дамуындағы қайшылықтар мен қиындықтарды түсіну үшін қажет. П. П. Блонский мұғалімдерді «практикалық психолог» болуға шақырады. Тәрбиеленушілердің жан - дүниесін түсініп, сезініп, олардың жеке - психологиялық қасиеттерін бағалаған жағдайда ғана табысқа жете алады.

Педагог тәрбиеленушінің сеніміне, сүйіспеншілігіне әділетті болғанда ғана бөлене алады. Сондықтан ұжымдағы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы адамгершілік – психологиялық ахуал шешуші рөл атқарады. Балаларды қызықтыру, білім алудың қажет екенін сезіндірудің маңыздылығына нақты іс - шараға қатысуын қамтамасыз ету арқылы көз жеткізеді, бұл табысқа жетудің алғашқы қадамы болып саналады.

Жұмыстың келесі кезеңі – тәрбие ісін жүзеге асыру барысында балаларды ұйымдастырып, топтық ұжымдық, ұжымдық ынтымақтасуы мен шығармашылық іс - әрекетін жүзеге асыру.

Педагог тәрбиеші жобалай, болжай білу керек. Бір күн, бір апта, бір ай, бір жылды жобалап, болжай білген жөн.

Сонымен бірге, тәрбиешінің тәрбиеленушімен белсенді қарым-қатынас құра білу тыңдай да, тыңдата да білу керек. Дер кезінде батыл шешім қабылдай алуы да маңызды. Жоғары рухани деңгейі, зиялылық, жұмсақ жымиыс, жайлы дауыс, жеңіл әзіл ең кішкентай балалардан бастап, ересектерге де ұнайды.

Жеңіл әзіл арқылы шиеленісті жағдайдың бетін қайтаруға болады.

Педагог – тәрбиеші үздіксіз даңқ пен табысқа кенеле бермейді. Қиын жағдайларда тығырықтан шығу үшін жеңіл әзіл (юмор) керек - ақ.

Педагог - тәрбиеші өзін - өзі бақылап, педагогикалық іс - әрекетін дер кезінде түзете білген жөн.

Педагог тәрбиеші оқушы тұлғасына тәрбиелік ықпал етуді біріктіре, кіріктіре білгені дұрыс. Отбасы, мектеп, достарын қамтып, мезгілінде көмекке келе білу керек. Педагог кейбір шиеленісті жағдайдан өзінің интуициясы және шығармашылығы арқылы ғана шыға алады. Психолог, педагог П. П. Блонский « Нағыз мұғалім энциклопедиялық сөздік емес, алайда ол Сократ»- деп жазған еді.

Нағыз педагог ең алдымен шығармашыл және кәсіби ойлайтын адам екені анық. Бақытты педагог қана оқушыларын бақытқа кенелте алады. Тек мейірімді мұғалім ғана оқушыға мейірім дәнін себе алады. Өзін - өзі дамыта алатын педагог оқушыларын өзін - өзі дамытуға ынталандыра алады. Сондықтан біз оқушыларымыз күткендей мұғалім болуымыз өте қажетті.

Тақырыптық жоспар, сабақ жоспарын жасағанда оқытушы тек өзінің жұмысын ғана емес, оқушылардың іс - әрекетінің сол пәнге деген жеке көз қарасымен білім деңгейін, қызығуы мен қабілетін ескерте отыру қажет.

Оқушылардың алуан түрлі іс - әрекеттерін жобалаған кезде оқытушы ұжымдық және жекелік шешім қабылдау үшін жан - жақты міндеттер мен тапсырмаларды іріктеу керек: репродуктивті және шығармашылық, оқытушылық, дамытушылық және жаттығушылықты ескерген жөн. Қазіргі оқытушылар оқу материалын проблемалы түсіндіру, эвристикалық әңгіме жүргізе білу, дискуссиялық жағдай жасай алуы, интеллектуалды - шығармашыл ахуал жасау, студенттердің оқу - зерттеушілік қызметін ұйымдастыруы қажет.

Шәкірт тұлғасын өз пәнін жетік білуге оқыту арқылы тәрбиеленеді. Концепция мен технологияларды оқыту мен тәрбиелеу, жұмыс түрлерін жинақтау педагогикалық қызметті тиімді етеді. Әрбір оқытушының өзінің шығармашылық лабораториясы болу керек, дидактикалық материалдар комплексі, аудио, видео, техникалық құралдар, компьютерлік техниканы меңгеру және пайдалану ғана қалыпты жағдайы болуы тиіс. Оқытушы бүкіл әдіс - тәсілдерін біріктіріп, кіріктіріп пайдаланғанда жоғары көрсеткіштерге жетеді.

Педагог - әдіскер. Қазіргі жағдайда педагог қызметінің ауқымы кең және алуан түрлі. Оның негізгі бағыттарының бірі – әдіскерлік мәдениетін өзін - өзі дамытуы, кәсіби шеберлігін үздіксіз арттырып отыруы. Әдіскер – педагог өзінің жұмысын жоғары деңгейде жүргізіп қана қоймай, басқаларға өз тәжірибелерді тауып, танып, тарата білу керек; б) оқу - әдіскерлік проблемаларды танып, талдама жасайды; в) алуан түрлі әдіскерлік жұмыстарды тиімді тұтастыра білуі керек; г) жас педагогтардың өзін - өзі дамытуға көмек береді. Өзін - өзі дамытуға бағдарлама құрғанда жалпы - мәдени, философиялық - әдістемелік, тәрбиелік, дидактикалық, педагогикалық, психологиялық, техникалық дайындықтарға назар аударады. Әдістемелік жұмыстың өз мәнінде жүруіне «ашық сабақтардың» рөлі зор. Педагог өз оқу орнының көлемінде шектеліп қалмай, семинарларға, конференцияларда қатысу белсенділік танытады. Білім жетілдіру курстарына қатысады.

Педагог – зерттеуші. Педагог зерттеуші ретінде өзінің педагогикалық қызметінде қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оны шешуге деген қажеттілік туындайды. Жұмысқа шығармашылықпен қарау, шабыттану – зерттеушіліктің қозғаушы күші болып табылады. Педагогикалық инновацияның дамуына байланысты, педагогикалық эксперимент жүргізе отырып тіпті жас педагогтар да өзінің зерттеушілік қабілетін дәлелдей алады. Сондықтан педагогикалық негізгі міндеттерінің бірі методикалық мәдениет арқылы өзін - өзі дамыту болып табылады.

W00067 21.12.2020

**Мектепке дейінгі оқу үдерісіндегі психологпен
тәрбиешілер жұмысының үйлесімділігі**

ОРАЗОВА ҰЛБОЛСЫН АЙДАРБЕКҚЫЗЫ

*Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам кенті
№ 22 «Гауһартас» бөбекжай-бақшасының Педагог-психологы*

Мемлекетіміздің қазіргі қарқынды даму кезеңінде қоғамның түрлі салаларының құрылуы мен тұлға белсенділігінің жоғарылауы арасындағы байланыс айқындалып отыр. Осыған байланысты тұлғаның іс-әрекетін белсендендіру, оны тиімді басқару, дамыту, әдістемелік-ұйымдастырушылық және моральдық-психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық-психологиялық мәселелер ғана емес, әрі маңызды әлеуметтік міндет.

Үздіксіз білім беру жүйесінде болып жатқан тың өзгерістер мен әлемдік деңгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар, бүгінгі маманнан білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарға сын көзбен саралай отырып бағалауды, білім берудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын белсенді тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнында балалар өмірін сақтау және денсаулығын нығайтуға, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулуға, баланың жеке басын үйлесімді дамытуға, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баурау арқылы оның мүдделерін қанағаттандыру мен қабілеттерін дамытуға, баланың қоғамдық-әлеуметтік, табиғи ортада өмір сүруі мен жемісті іс-әрекеттенуіне мүмкіндік беретін жеке тұлғаның әлеуметтік-рухани қасиеттерін қалыптастыруға, коммуникативтік, танымдық, ойындық және басқа да белсенділіктерді ынталандыру, білім алудағы қажеттілікті қалыптастыруға, бастамашылдықты, білуге құштарлықты, еркінбастылықты, өзін-өзі шығармашылық тұрғысынан көрсетуге деген қабілеттіліктерін дамытуға, әрбір баланың сезімталдық саулығын қамтамасыз етуге, оның өзін-өзі жақсы сезінуін дамытуға бағытталған [1].

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту басты міндеттер қатарында.

Біріншіден, білім мен тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың табиғатына бағытталуы шарт.

Екіншіден, тәрбие мекемесінің басшысы мен тәрбиеші педагогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал ету қажет. Сондай-ақ, отбасының сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттандыру және білім мен тәрбиенің балаға берілген үрдісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізде жұмыс істеу де өте маңызды танытады.

Үшіншіден, балабақшада еңбек етуге толық жағдай жасалып, тәрбиелеу мен білім берудің технологияларын сауатты меңгеріп, психологиялық әдіс-тәсілдер жүйесін кәсіби шеберлікпен игеріп, оны тәжірибеде пайдалануға шығармашылықпен жұмыстану болып табылады.

Психологтың мектепке дейінгі ұйымдағы міндетін шартты түрде екі топқа бөлуге болады. Біріншіден, ол тұтастай білім беру үрдісіне қатысуы керек, оны «психологизацияландыру» бағытында жұмыстануы керек. Мұндағы басты назар қызметкерлер мен ата – аналармен психологиялық ағарту жұмыс жүргізу: оларға бала психологиясы, олардың жас ерекшеліктері, ересектердің балалармен қарым – қатынасын оңтайлы ұйымдастыру жолдары және әртүрлі жастағы балалардың өзара қарым – қатынасы, балалар топтарын ұйымдастыру принциптері және т.б. туралы білім беру. Әрине, психологиялық ағарту жұмыстары бала психологиясы бойынша жалпы мәліметтермен шектеліп қана қоймайды, ол балабақша мен оның ұжымының нақты ерекшеліктерін зерттеу нәтижесіне жүгінеді, жергілікті жағдайлар мен ұлттық дәстүрлерді, қызметкерлер біліктілігіне және тәрбиешілер жұмысының жеке стилін, балалар және олардың ата-аналарының ерекшелігін есепке алады.

Міндеттердің екінші тобы біршама күрделірек және әртүрлі, ол баламен жекелей жұмыстанумен байланысты және тәрбие үрдісінде баланың индивидуальды-психологиялық ерекшеліктерін есепке алу керек. Психолог бақылау және сай келетін диагностикалық әдістемелердің көмегімен балабақшаның әрбір тобын ұзақ мерзімді зерттеу үрдісінде тәрбиешінің баламен және балалардың өзара қарым – қатынас ерекшеліктерін анықтап, сонымен қатар жеке баланың индивидуальды-психологиялық сапасын, олардың ақыл – ой дамуы деңгейін бағалауы тиіс. Бұндай жұмыстың нәтижесі оқыту мен тәрбиелеу ерекшеліктеріне байланысты, ал жеке жағдайда – баламен түзету жұмыстарының тәсілдерін даярлау, тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған ұсыныстар болуы қажет. Сонымен бірге психолог өз қызметінен тыс денсаулық сақтау және арнайы педагогика құзыреттілігіне жататын қызметтерді орындауға міндетті емес. Ол тек қана қажет кезінде арнайы маманға – педиатр, балалар психоневрологы, дефектолог, логопедке жүгінуге ұсыныс береді немесе өзі оларды кеңес беруге шақырады. Сонымен қатар бұл аталған топқа психологтың маңызды міндеті болып саналатын баланың мектепке

дайындығын анықтау және соған сәйкес түзету жұмыстарын өткізу енеді [2]. Мектепке дейінгі ұйымдарда барлық психолог жұмысы келесідей бағыттар бойынша құрылады:

Психологиялық диагностика – тұлғаның индивидуалды ерекшеліктерін психолого-педагогикалық тұрғыдан зерттеу. Ол педагогтардың, ата – аналардың, әкімшіліктің сұранысы бойынша диагностика немесе жоспарлы диагностика формасында жүзеге асады;

Психологиялық кеңес беру – ересектер мен балаларға психологиялық мәселелерді шешу және талдауға, пайда болған қиындықтарға нақты көмек көрсетуге бағытталады.

Психологиялық ағарту – педагогтардың және ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру келесідей формалармен жүзеге асырылады: дәріс, психологиялық әдебиеттер көрмесі, әңгіме, семинарлар, Ата - ана клубтары, психологиялық газеттер.

Психологиялық алдын - алу – жағымды эмоциональды-психологиялық ахуалды қалыптастыру, мүмкін болатын әлеуметтік – психологиялық мәселелерді ескерту бойынша педагогтар мен психологтардың бірлескен жұмыстарының мақсатқа бағытталған жүйесі.

Психологиялық түзету-дамыту – психологтың балаларды түзету және дамыту бойынша жеке және топтық сабақтары, сонымен қатар балалар үшін құрастырылған ұқсас мінез- құлық мәселелері бар психологиялық тренингтер формасында мақсатқа бағытталған жұмыс жүйесі [3].

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен психологтарының өзара әрекеттестік міндеттері:

1.Психолог мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерімен өзара әрекеттесе отырып:

- тәрбиешілерді психологиялық теориялармен және балаларды оқыту аймағындағы зерттеулермен таныстырады;
- оқытудың дидактикалық принциптеріне психологиялық негіздеме береді;
- тәрбиешілермен, дефектологтармен, логопедтермен және бейнелеу өнері, музыка, дене мамандарымен және т.б. қызмет түрлерімен біріге отырып баланы дамыта оқыту бағдарламасын құрастырады;
- оқу ортасы мен ойын әрекетіне, пәнді дамытушы психологиялық талаптарды талқылайды және тұжырымдайды;
- педагогтарды балаларға білім беру жұмысы үрдісіне кәсіби даярлайды;
- оқу үрдісінде балалардың тұлғалық өсуін, эмоциональды және ақыл – ой дамуын зерттеу үшін қажетті қарапайым диагностикалық құралдармен тәрбиешілерді қамтамасыз ету;
- инновациялық үрдіс жағдайында балалардың дамуын жобалау және диагностикалық – бақылаушы қызметін жүзеге асырады, жаңа педагогикалық технологияларды енгізу мен құрастыруға қатысады;

- әкімшілік тапсырысы бойынша оқу үрдісінде педагогтардың балалармен қарым – қатынасына бақылау жүргізеді, балалармен өзара әрекеттестік дамуының индивидуалды моделін құрастырады және педагогтарды оқытады;
- педагогикалық ұжым әлеуетін оқытатын және тәрбиелейтін, дамытатын диагностика жүргізеді;
- педагогтарда балалармен шығармашылық жұмыстанудың мотивациялық негізін қалыптастырады, кәсіби және тұлғалық өсу тренингтерінің көмегімен тәрбиешілердің балабақшадағы білім беру үрдісін жүзеге асыру құзыреттілігінің жоғары деңгейін қалыптастырады;
- тәрбиешілер мен балалардың өзара әрекетін, дамуында түрлі ауытқушылықтары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу, даму мақсатында педагог қызметіне оңтайлы стратегияның психологиялық негізін құрастырады;
- балаларды оқыту мен тәрбиелеу, дамудың кешенді жүйесін қамтамасыз ету үшін барлық қатысушылармен түзету – дамыту жұмысын жүзеге асырады.

2. Психолог ата – аналармен жұмыста:

1. балаларды оқыту сұрақтары бойынша ағарту жұмыстарын жүзеге асырады;
2. олардың сұраныстары бойынша баланың оқудағы және мектепке дайындығы барысында кездесетін жеке мәселелерін шешеді, ата–аналар үшін үй жағдайында баламен жеке жұмыстану бағдарламасын құрады;
3. олардың сұраныстары бойынша баланың ақыл – ой дамуына, арнайы қабілеттеріне (мысалы, сенсомоторика, кеңістікті бағдарлау, математикалық түсініктері және т.б.) жеке диагностикалау жүргізеді;
4. отбасының эмоциональдық, тәрбиелілік, терапиялық әлеуетіне диагностика жүргізеді;
5. дамуында қиындықтары бар балалардың ата – аналарына және олардың туыстарына психологиялық қолдау көрсетеді;
6. балалары қалыпты дамыған отбасы жағына интеграциялық үрдістерге дайындық жүргізеді;
7. дамуында ауытқушылықтары бар балалар отбасыларының қоғамда әлеуметтік–психологиялық жағдайын қамтамасыз етеді.

3. Психолог балалармен:

- психологиялық бұзылыстар құрамын және балалардың психологиялық денсаулық деңгейін анықтау мақсатында дифференциальды психологиялық диагностика жүргізеді;
- өзара әрекеттестік үйлесім стратегиясын құрастыра отырып, дамуында ауытқушылықтары бар балалардың жеке ерекшеліктеріне диагностика жүргізеді;
- оқу әрекетінде бала жетістігі деңгейіне диагностика жүргізеді және соның негізінде балаға көмек жүйесін құрады;

- тәрбиеші сұранысы бойынша қандай да бір оқыту мәселесінде өзбетті шешуге қиналатын топтық және жеке дамытушы сабақтар өткізеді;
- тәрбиеші, логопед, дефектолог және т.б. сабақтарында балалардың өзін-өзі бақылау және реттеуін дамыту оқу дағдысы мен білігіне ие болуына көмек көрсетеді;
- ересек топ балаларын арнайы құрастырылған диагностикалық бағдарлама бойынша мектепке даярлайды;
- тұтастай түзету - дамыту үрдісін жүзеге асыру барысында баланың тұлғалық – әлеуметтік дамуы мен психофизикалық сенсорлық өзгеріс динамикасына диагностика жүргізеді;
- оқыту үрдісінде баланы мәжбүрлеу және қысым көрсету бағытын ұстанатын балабақша ұжым қызметкерлеріне төзбей, оқыту әрекетінде эмоционалды жағымды қатынас болуын қадағалайды, бала құқығын толықтай қорғауды бақылауға алады және бала психикасын жағымсыз әсерлерден қорғайды. Сонымен қатар психолог жұмысының табыстылығы жоғары деңгейде ұжымда алатын орнына және оның ұйым басшысы мен мектепке дейінгі мекеменің басқа да қызметкерлерімен өзара қарым – қатынасына байланысты болады.

Біз өмір сүріп отырған бүгінгі дәуір жаңаша көзқарасты, жаңашылдықты талап етеді. Білімнің дамуы – адамзат өркениетінің өлшемі. Білімі күшті ел озады, білімі әлсіз ел оған қызмет етеді. Олай болса, білім саласы үнемі жетілдіруді қажет етеді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты,-» деп атап көрсеткен болатын. Мектептегі басты тұлға мұғалім мен тәрбиеші екендігі даусыз. Тіпті қазіргі технологиялар ерекше дамыған заманның өзінде білім мен тәрбие сапасын қамтамасыз етудегі мұғалім мен тәрбиешінің рөлін еш нәрсемен ауыстыруға болмайтынын халықаралық тәжірибелер көрсетіп отыр. Демек, педагог біліктілігі – еліміздің бүкіл білім беру жүйесін алға бастырып, оны заман талабына сай етіп құрудың негізгі алғышарты, басты кепілдігі болып табылады. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды білімді мұғалімдер, жан - жақты кемел тәрбиешілер ғана тәрбиелеп шығара алады.

Көрнекті педагог К. Д. Ушинский: «... Тәрбиешінің жеке басының жас жанға ететін ықпалы оқулықтармен де, жақсы әдет - ғұрыпты құлаққа сіңіретін уағызбен де, жазалау мен мадақтау жүйесімен ауыстыруға көнбейтін тәрбиелеушілік күшке ие,-» деген болатын.

W00068 21.12.2020

**Мектепке дейінгі тәрбиелеудегі жаңартылған
бағдарламаны жүзеге асырудағы инновациялық әдістер**

ТОЛКУМБАЕВА АЙМКУЛ УШАКБАЕВНА
Ақтөбе қаласы, №14 «Тұлпар» балабақшасының тәрбиешісі

*«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»*

(Н. Ә. Назарбаев)

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы - мектепке дейінгі ұйымдардан басталған орынды. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс - тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан - жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті, мағынасына өшпейтін із қалдырады. Баланы мектеп алды даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызы мен өзектілігі ерекше мәселелердің бірі болып саналады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі - мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс - әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

Өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу тәрбиешінің міндеті болса, ертегілерді оқу іс - әрекетінде өз ретімен қолдана білсе тәрбиеленушілерді жан - жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды. Оқу іс - әрекеті барысында ертегі кейіпкерлерінің жан - жақты мінез - құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген немене, жаман деген немене екендігіне көзін жеткізеді.

Барлық оқу іс - әрекетінде ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір

сюжетке құрылады, оқиғаның желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Әсіресе адам өміріне байланысты іс - әрекет өткір сықақ - мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала жағымсыз кейіпкердің жексұрын әрекетінен бой тартып жақсылыққа құмартады. Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізу айтушының шынайы шеберлігіне тікелей байланысты. Бақшада ертегі оқу, сабақта және сабақтан тыс уақыттарда өтіледі. Оқу жұмысы баланың жас ерекшелігіне орай жоспарланады.

Сәбилер тобында ауызша әңгімелеп беру тәсілі қолданылады.

Сәбилер тобында оқығанды тыңдату және әңгімелеп беру қатар жүргізіледі. Мұндай мақсат – ертегіні ауызекі әңгімелеуге төселдіре отырып оқылғанды шыдамдылықпен тыңдай білуге үйретеді.

Ассоциация әдісі – сол тыңдаған ертегі жайлы мәлімет

Мысалы: Суретте «Бауырсақ» ертегісіндегі бауырсақ ортасында тармақтарына кемпір, шал, қоян, үй, қасқыр, аю, түлкіні балалар жапсырады көп қиынды суреттердің ішінен.

Ой қозғау әдісі: Балаларға ертегілерге берілген жұмбақтарды жасыру;

Жалпақ тұмсық көріп пе ең,

Жер қазатын тінткілеп.

Ілмек дерсің құйрығын,

Кебіс дерсің тұяғын,

Білсең енді таба ғой,

Қай кейіпкер екенін? (Үш торай)

Әжей жақсы көретін осы қызға,

Телпек тарту етіпті қызыл түсті.

Ұнатқаны соншама бұл сыйлықты,

Немересі есімін ұмытыпты,

Ал, айтшы сен, бұл есімді? (Қызыл телпек)

Сұрақтар арқылы ой салу:

Сен бұларды неліктен ертегілер деп ойлайсың?

Халық ертегілері мен авторлық ертегілерді ата, олардың айырмашылығы неде?

«Қызыл телпек» ертегісінің авторы кім?

Сен Қызыл телпектің орнында болсаң не істер едің?

СТО - ның элементтерінің бірі – Венн диаграмманы пайдалану (екі ертегіні салыстыру, ортақ белгісін табу, қорытындылау, нақтылау).

Интерактивті тақтаны қолдану:

- Флипчартта «инструменты» батырмасының көмегімен сызғышпен әр түрлі бағытта «Бауырсақ» тың жолын салу, презентацияда жүктелген суреттерді орналастырып, актив қаламның көмегімен бауырсақты жүргізу, балалар бағытты дауыстап айтады; (графикалық диктант түрінде қолданса болады)
Мысалы: Жата - жата жалыққан бауырсақ терезеден секіріп түсіп домалай

жөнеледі.

- Бағыты: төмен, оңға, төмен, қоянға жолығады

Ассоциация әдісі: қоян - қорқақ, ұзын құлақ, ерні жырық, артқы аяғы жақсы дамыған, көзі қызыл, қыста тонын ауыстырады, құйрығы кішкентай, секіреді (Балалар орындарынан тұрып секіреді)

- Бағыты: солға, төмен, оңға, жоғары қасқырға жолықты

Ассоциация әдісі: қасқыр - жабайы жануар, сұр, жағымсыз кейіпкер, жыртқыш, итке ұқсайды, ұлиды (Түймені басып қасқырдың дыбысын естірту)

- Бағыты: оңға, жоғары, оңға, төмен аюға кездесті

Ассоциация: аю - жабайы жануар, бал жейді, жидек жейді, қорбандап жүреді, аяғы талтақ, аю ақырады (Дыбысын естірту)

- Бағыты: оңға, төмен түсіп түлкіге кездесті

Ассоциация: түлкі - қу, айлакер, құйрығы ұзын, сылаңдап жүреді

Бауырсақ, түлкіге жем болғысы келмей, үйіне қайтқысы келіп тұр көмектесейік (бір бала активті қаламды алып бауырсақты келген жолымен қайта домалатады, балалар бағытын айтып отырады)

Ертегідегі мінез - құлқы қарама - қарсы кейіпкерлерді ата; (кіші топтың балаларына жағымды кейіпкерді тәрбиеші атайды, бала жалғастырады)

Мысалы: Қызыл телпек – Қасқыр, Күлше қыз - өгей шешесі, Қарлығаш - жылан, Ит – мысық, Қасқыр – түлкі т. с. с.

W00069 21.12.2020

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық құзіреттілігін дамыту

САРМАНТАЕВА АКЗИРА КОБДАБАЕВНА

Ақтөбе қаласы № 14 «Тұлпар» балабақшасының тәрбиешісі

Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру - қазіргі кезеңдегі педагогикалық теория мен тәжірибенің маңызды мәселелерінің бірі. Оны мектепке дейін дамыту тиімді.

В.А. Сухомлинский айтқандай: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады». Педагогтардың пайымдауы бойынша-барлық балалар дарынды. Сондықтан дарынын уақытында байқап, сезіп, тәжірибесінде, нақты өмірінде қолдануға мүмкіндік туғызу қажет.

Ересектердің көмегімен көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, бала жаңа туындылар жасайды (сурет, жапсыру, мүсіндеу). Қайталанбайтын туындыларды ойластыру барысында ол әрқашан заттың жасалу тәсілдерімен тәжірибе жасайды. Мектепке дейінгі жастағы бала өзінің эстетикалық дамуында қарапайым көрнекі-сезімдік әсерінен түпнұсқалық кейіптің жасалуына бейнелеу-мәнерлеу әдістері арқылы өтеді. Сондықтан оның шығармашылығының негізін қалау керек. Неғұрлым бала жақсы көрсе, естісе, күйінсе, соғұрлым қиялдау әрекеттері маңызды және нәтижелі болады. Балалар ерте жастан бастап өздерінің қоршаған ортадан алған әсерін бейнелеп көрсетуге тырысады. Қай ғасырда болсын ұлт өнерін өркендетуші сапалы, салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу – қоғам алдында әрбір тәрбиеші ұстаздың басты міндеті болып саналады.

Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Мектепте жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі балаларға эстетикалық тәрбиені жапсыру, мүсіндеу оқу іс-әрекеттерінде дамытамыз. Эстетикалық тәрбие дегеніміз-баланың ақыл-ойы мен сезімін, ұшқыр қиялы мен ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Эстетикалық тәрбиені жүзеге асыру үшін балалардың әсемдік сезімі мен ұғымын, көркемдік, шығармашылық қабілетін үздіксіз дамытып эстетикалық талғамын қалыптастыруға дағдыландыру қажет.

Балалар өмір құбылыстарын сурет салу, сазбалшықтан немесе ермексаздан мүсіндеу, қиып жапсыру, табиғи материалдармен көркем өңдеу жұмыстары кезінде тереңірек танып білуге мүмкіндік алады.

Түрлі материалдардан (қағаз, картон, мата, ермексаз, саз, қамыр, табиғи материалдар) әшекейлеудің тәсілдеріне машықтанады, бұйымдар үлгісін жасаудың жолдары мен оларды сәндеп әшекейлеудің амалын үйренеді. Жапсыру оқу іс-әрекетінде:

Сәндік жапсыру, сюжетті жапсыру, заттық жапсыру және табиғи материалдармен жұмыс.

Ал, мүсіндеу арқылы заттардың, адамдардың, құстардың, хайуанаттардың пішінін бейнелеу тәсіліне машықтанады. Қолданылатын ермексаз немесе сазбалшық арқылы сомдайтын бейненің сыртқы кескінін, олардың қимыл-қозғалыс пластикасының ерекшеліктерін, күнделікті көргендерін еске түсіре отырып мүсіндей білуге, мүсіндеу барысында тұлғалардың дене құрылысы, бөлшектердің өзара жарасымды байланысы туралы алғашқы түсініктерді игеруге мүмкіндік алады.

Мүсіндеу оқу іс-әрекетінде:

1. Заттық мүсіндеу,
2. сәндік мүсіндеу,
3. сюжетті мүсіндеу,
4. табиғи материалдармен мүсіндеу.

Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жай ұмтыла қана қоймай, сұлулықты жан дүниесімен қабылдайтын болады.

Мектепке дейінгі баланың тілін дамыту әрқашанда өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі таңда баланың тілін дамыту процесін түзетудің көптеген әдістері бар. Баланың тілін дамыту барысында жағымды эмоцияналды қалпын ұйымдастырып, өзінің тілін белсенді дамытуға деген қызығушылығын тудыру керек. Ең тиімді және қызықты да, қолжетімді баланың іс - әрекеті бұл – ойын

Мен өз тәжірибемде мүсіндеудің, жапсырудың, сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолданамын. Шығармашылық саласында дәстүрден тыс әдістер балаларды қызықтыратын, еліктіретін іс-әрекет. Қоршаған орта бала өмірінде ең маңызды орын алады. Сондықтан заттық – дамытушы ортаны ұйымдастырған кезде мазмұнының дамытушылық жағын және әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталғанына басты назар аударамын. Үйде қаншама қажетсіз нәрселер бар:

тіс щеткалары, поролон тарақтар, қақпақтар, пенопласт, жіптер, майшамдар т.б. Ал серуенге шыққан кезде айналада қаншама қызықты нәрселер бар: таяқшалар, жаңғақтар, жапырақтар, тастар, тұқым, баққабақ гүлінің мамығы т.б. Осының бәрінен іс- әрекетке қажетті өнімді бұрыш жасақтап алдық. Ерекше материалдар балаларды өзінің ерекшелігімен қызықтырады, «Жоқ» деген сөзді айтқызбай- ақ, не қаласа соны жасауларына және өздерінің жаңа шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Балалар ұмытылмас әсер алады, жағымды көңіл күйде болады, ал олардың көңіл- күйлеріне қарай отырып не нәрсеге қуанатынын, не нәрсеге көңілі толмайтынын аңғаруға болады. Ұйымдастырылған оқу қызметінде бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдістерін қолдану:

Балалардың қорқынышын сейілтуге мүмкіндік туғызады;

1. Өзіне деген сенімін арттырады;
2. Ойлау кеңістігін дамытады;
3. Өз ойын еркін білдіруге үйретеді;
4. Шығармашылық ізденіске түрткі болады;
5. Әр түрлі материалдармен жұмыс жасауға үйретеді;
6. Композициялық сезімін, ырғақты, түс, түстерді қабылдауын дамытады;
7. Саусақтың ұсақ моторикасын дамытады;
8. Жұмыс барысында эстетикалық сезім алады.

Дәстүрден тыс әдістер арқылы сурет салу дағдыларын жеңілдетуді жөн санадым.

Психолог айтуынша «Сурет бала үшін өнер емес, ол тіл. Сөзбен айтып жеткізе алмағанын, сурет арқылы жеткізуге мүмкіндігі бар. Бейнелеу барысында оңтайлының бәрі екінші орынға кетеді, тыйым мен шектеулер болмайды. Бұл уақытта бала мүлдем еркін.»

Сурет салуда дәстүрден тыс әдістер балалар үшін қызықты, өйткені өзінің қиялын, ықыласын, ойын толық білдіруге үлкен мүмкіндіктер береді.

Алға қойған мақсатыма жету үшін келесі тапсырмаларды орындауды анықтадым:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолдануға үйрету;
 2. Мектеп жасына дейінгі балалардың қозғалыс дағдыларын және қолдың білезік буынының икемділігін арттыру;
 3. Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін пайдалана отырып кез- келген сурет салуда өз шығармашылықтарымен ұштастыра білуге үйрету.
- Өзімнің ұйымдастырған оқу қызметімде сурет салудың дәстүрден тыс әдістерінің топтамасын, балалардың саусақтарына толықтай демалыс болатын, қимыл қозғалысын арттыратын, жазу дағдыларын қалыптастыратын элементарлық саусақ ойындарын, гимнастика, жаттығуларды пайдаланамын.

Бірнеше жылдан бері мектепке дейінгі балалармен жұмыс барысында мен бейнелеу әрекеттерінің нәтижелеріне назар аудардым. Балалар келесі белгілер бойынша жақсы нәтижелер көрсетті:

2. Штрихтау икемділігі, түрлі түсті қарындаштармен әр түрлі сызықтарды тартуы;
 3. Жіңішке және жуан қылқаламмен бояуды жаға білуі;
 4. Негізгі түстердің, бояудың реңктерін танып, оларды араластыра білуі;
 5. Үлгі мен дақты жұмыста қолдана білуі;
 6. Өз жұмыс орнын жинай білуі;
 7. Сонымен қатар балалардың төмен қабілеттері де байқалды:
 8. Сабақ барысында, жауап айтқан кезде өзіне деген сенімсіздік пен бөгеліп қалушылық;
 9. Өздігінен бейнелеу құралдарын таңдауда, суретті параққа орналастыруда әрекетсіздік;
- Дәстүрлі емес бояу әрекеттерін қолдану кезіндегі жаңғалақтық;
 - Бейнелеу құралдарымен тәжірибе жасау;
 - Танымал сурет салу әдісінде педагогтың анық түсіндіруін күту;
 - Қиялын, көркем шығармашылығын байқату;
 - Суретке жеке көзқарасын жеткізу;

«Бастыру әдісі» әр түрлі заттармен бастыру арқылы сурет салу балаларда жағымды эмоция, қызығушылық тудырады. Бастыру үшін әртүрлі заттарды қолдануға болады. Мысалы: Жапырақ, алақан, поролон, өсімдіктер.

«Құммен сурет салу әдісі». Балаларға құммен сурет салу өте қызықты, қатты ұнады, ол көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Оны төмендегідей жүргізеді:

- Ақ қағаз бетіне суреттің пішіні сызылады;
- Желім сызылған сызық бойымен қылқаламмен жағылады;
- Жағылған желімнің үстіне ыдыстардағы құм себіледі.

Балалармен жұмыс барысында олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, алынған нәтижеге талдау жасадым, жеке жұмысты жоспарладым.

Балалардың ұсақ қол моторикасын дамытып қана қоймай, дәстүрден тыс әдістермен жұмыс жасауды жетілдіріп, ерекше бейнелері арқылы өзінің «Менің» көрсету.

Қорыта келе мектепке дейінгі мекемелерде балалардың бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оқып үйретудің сан алуан әдістері және ең алдымен балалар дербестігін, белсенділігін, өмір құбылысын көркемдік тұрғысынан қабылдау әрқашанда дара, әрі таңдамалы. Нәтижесінде балада көркем өнер туралы білімі қалыптасады, шығармашылық қабілеттері дамиды, авторлық бағытта бейнелей біледі, отбасы және мектеп ынтымақтастығы орнайды.

W00070 21.12.2020

«Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ»

ҮБӘЙТЖАН АЙНУР АЙТЖАНҚЫЗЫ

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Аққайтым ауылы

Жаңақоныс ЖББОМ Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Тақырыбы: «Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ»

Сынып сағатының мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

Тәрбие сағатының түрі: жаңа ұғымдарды талдау, талқылау.

Әдісі: проблемалық, ой қозғау, эвристикалық.

Сынып сағатының барысы:

1.Ұйымдастыру бөлімі. (оқушылар екі топқа бөлініп отырады)

«Балалық шақ – зорлық, зомбылықсыз» атты сынып сағатымызды бастайық

Мұғалім

«Бала дегеніміз -болашақ» деген екен француз жазушысы Гюго Виктор Мари. Бала періште дейді. Олардың пейілі, ниеттері қандай тұйық болса, көңілдері сондай мөлдір!

«Адамның бір қызығы бала деген »-деп Абай атамыз айтқандай, мынау тіршілікте адам баласының алтынға айырбастап ала алмайтын аяулы сәттері көп-ақ. Халқымыз желкіндеп өсіп келе жатқан қыз баланы елдің көркі санаса, ал ер баланы елдің қорғаны санаған. Балалық шақ адам өміріндегі ұмытылмайтын қызықты да бақытты кезең. Сондықтанда әр бір қараша үйдің түтінін түтеткен ата-ана көзінің ағы мен қарасындай перзентінің өмірдегі осынау сәттерді мүмкіндігінше есте қаларлықтай етіп өткізуді ойластырады. Бүгін біздің мақсатымыз ешбір адамға: бала болсын , әйел адам болсын , зорлық-зомбылық жасалмайтын ел **«Бейбітшіл ел - Қазақстан»** атты елдің моделін құрып шығару.

2.Негізгі бөлім.

Балалар, біз екі топқа бөліндік, олай болса «Сен, мен және біз – бәріміз әлемді өзгертеміз» деген ұранды ұстанып жұмысымызды бастайық.

1-ші сұрақ бақытты балалық шақ деген не ?

Ассоциация әдісі бойынша бақытты балалық шақ дегенде не түседі ойларыңа?
(күн суреті) әр топтан бір адам қорғайды.

1-топ: Біз еліміздің тәуелсіздігінің арқасында бақытты балалық шақты өткізудеміз. Біздің алаңсыз білім алуымызға, бақытты балалық шағымызға барлық жағдай жасалған. Біздің ойымызша балалық шақ дегенде –қуанышты, қызықты күндер, жақсы көретін ойыншығың есіңе түседі.

2-топ: Мен осындай бейбітшілік орнаған елде туып-өскеніме ризамын. Адамдар бала кезінде балалық шақтың бал дәмін татуы тиіс. Біздер қазір бақытты болып өсіп келеміз. Алдымызда не керек болса, сол тұр. Білімге керек нәрсені ізденбей жатып-ақ, компьютер, ұялы телефон, интернеттен табамыз. Балалық шақ –ең тәтті кезең, адал, алаңсыз кездер деп ойлаймыз.

Әңгіме «Жетім бала» (қазіргі біздің өмірімізде қатыгез адамдар бар, адамды аяушылық деген жоқ екенін байқауға болады)



Мұғалім:Рахат

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Бірақ сол уайым-қайғысыз бақытты өмірге қол сұғып, қысым көрсетіп, жәбірлеп жататындар бар. Бұл - бүгінгі қоғамның ащы да болса шындығы.

Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік

құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы».

2-ші сұрақ: Зорлықтың қандай түрлері сендерге белгілі? (қара бұлттарға түрлерін жазып ілу).

- Эмоциялық зорлық – балағаттау, қорлау, сөгу, балалардың жеке өміріне қол сұғу;

- Физикалық зорлық – отбасы мүшелерін мас күйінде немесе сау күйінде ұруды қолданатын эмоциялық зорлық;

- Қауіп-қатер – отбасын тастап кетемін деп қорқыту, әйелін немесе балаларын ұру, өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу;әйелін өз балаларын ешқашан көрсетпейтіндігімен қорқыту, қорқытатын жолдауларды беру үшін балаларды қолдану.

Сұрақ:

1. Сіздердің ойларыңша, неге біреу басқа адамға қатысты зорлық көрсетеді?

/мазақтайды, күледі/ Ол басқаларды төмендету (мүмкін оны да біреу төмендеткен шығар) , жолдасын төмендетіп, оны күлкіге қалдыру арқылы өзіне назар аудартады. Оның ойынша жолдасын кемсіту арқылы айналадағы адамдардың құрметіне ие болуға, олардың басшысы болуға тырысады.

2. Кімді жиі ренжітеді?

Кішілерді, әлсіздерді, бір нәрсемен басқаларынан ерекшеленетіндерді.

3. Қаталдық көрсетудің себебі?

Үйдегі нашар қарым-қатынас. Жақындары тарапынан көңіл аударудың жетіспеушілігі, ата-анасының ажырасуы, басқалар тарапынан кемсіту, нашар үлгерім – осының бәрі ашу мен реніштерін көрсетуге әкеп соғады.

4. Егер қысым көрсетілген жәбірленуші өте ақылды болса, сіздің ойыңызша, неге жәбірлеуші оған қысым көрсетеді?

Қызғаныш сезім, оның намысына тигісі келеді.

5. Жәбірленушіге көмек қажет деп ойлайсың ба?

Әрине қажет. Әңгімелесіп, ішкі ой сезімдерімен бөлісу.

6. Егер әңгімелесу көмектеспесе не істеу керек?

Ересектермен бөлісу, мұғаліммен, ата-аналармен, дау-дамайды басуға көмектесетін басқа ересектермен.

7. Егер жолдасың ашулы, көңіл-күйі нашар болса, қалай көмектесуге болады?

Әңгімеге тартуға тырысу, оны не мазалап жүргенін анықтау, тыңдау, назар аудару, қолдау көрсету.

3 сұрақ: «Балалық шақ зорлық – зомбылықсыз» болу үшін не керек. (қара бұлттарды, көк бұлтпен ауыстыру)

1-топ: Н.Ә.Назарбаев атамыз айтқандай: Отбасы – отанымыздың ошағы. Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім - жақындарына, туған - туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Егер бала отбасында дұрыс, жақсы, өнегелі тәрбие алса, онда бұл да зорлық зомбылықты жоюдың бір ісі деп ойлаймыз.

2-топ: Әрқашан қамымызды ойлап жүре тұғын абзал жанды адам, бұл – ана. Алдыңа қойған мақсатыңа жетуің үшін ана жанын қиюға да дайын. Ана баласының үлгілі азамат боп өсуі үшін бар күшін салып, тер төгеді. Ананың махаббатына, құдіретіне тамсанған талай ақын әнін арнап, жырын жазып, талай жазушы қалам тербеген. Біздің ойымызша ата-ананың көмегі, қадағалауы, уақыт бөлуі балаға жеткілікті болса, онда бұл да зорлық зомбылықты жою әдісі деген ойға келіп отырмыз.

Ата-анасын, аға-сіңлілерін сыйлай білген, жақындарына жақсылық тілеген адам, менің ойымша, болашақта қоғамда да ізгі ниеті арқылы еліне, оның дамуына көп септігін тиетінін күмәнданбаймын. Сондықтанда, жанұяда тығыз қарым-қатынас болу керек.

Мұғалім:

Статистикалық мәліметке қарағанда елде жыл ішінде 500-дей әйел мен бала тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны болады екен. Отбасылық қарым-қатынаста дағдарыс туындағанда, одан «ешкімнің де ештеңесі кетпейді» деген

түсініктен арылу керек. Кикілжіні көп болатын отбасында өскен балалар есейген соң не әкесінің, не анасының отбасында өзін-өзі ұстау үлгісін алады. Зорлық көрсету ол әлсіз адамдардың қаруы екені барлығына мәлім. Жалпы отбасындағы зорлық - зомбылық әміршіл билік пен шектен тыс бақылаудың нәтижесінде пайда болады. Ойланыңыздаршы, қай уақытта көбінесе отбасыларында зорлық зомбылық болады? Егерде бала ата – анасының айтқанын тыңдамай теріс қылықтар көрсетсе, ата – анасы баламен тіл табыса алмай көбінесе тәрбиенің қате және жеңіл түрі зорлық көрсетуге жүгінеді. Қазіргі таңда тәуелсіздік алған мемлекетімізде зорлық-зомбылыққа жол жоқ. Адамды өзара түсіністікке жеткізетін шынайы да тұрақты сүйіспеншілік дәстүрлері де тек салауатты отбасында ғана қалыптасады.

4 сұрақ: Балалар сендер өздеріңнің де, өзгенің де жанұясын қандай болғанын қалайсындар? (Шаңырақтың суреті құрылады.)

1-топ: жанұя мүшелерінің бір-біріне сыйластығы, сүйіспеншілігі, ауызбіршілігі, әдепті қарым-қатынасы

2-топ: жанұядағы мүшелердің бір-біріне қамқорлығы, ата-анасының балдарына деген үлгі өнегесі, балдарының ата-анасына деген мейрімділігі, құрметтеуі.

Мұғалім: Егер әрбір отбасы осы қасиеттерге ие болса, онда Қазақстанның барлық отбасы үлгілі, тәрбиелі, бейбітшіл отбасы болмас па еді.

Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады.

Балалар құқығын қорғау – егемен еліміздің асты құндылықтарының бірі. Сол үшін өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарының сақталу жолында аянбай еңбек етуі керек.

«Балалардың өмір сапасын жақсарту – ертеңгі болашақтың кепілі. Сондықтан да балалардың құқықтарын қорғау мәселесі қашан да өзекті болып қала бермек. Олай болса қазір балалар, «Бала құқығы» ағашын жасайық.

- Ең бастысы – 2004 жылы тамызда «Бала құқықтары туралы» Заң қабылданды.
- Мемлекет әрбір баланың аман-сау өсіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.
- Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады, оған есім және азаматтық беріледі.
- Әрбір бала өз отбасында, ата-анасымен бірге өмір сүруге құқылы.

- Әр баланың өзінің пікірі, ар-ождан, дін еркіндігіне құқығы бар.
- Бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы.
- Бала денсаулығын сақтауға, емделуге құқылы.
- Бала мектепте кінәлі болғанда оны ешкімнің ұрып жазалауға, кемсітіп қорлауға құқығы жоқ.

Мұғалім:

Бүгінгі біздің құрған моделімізге қарасақ. «Қазақстан – бейбітшіл, ұлтаралық достықты сақтаған, адамгершілікті қоғам, жарастықты қарым-қатынас , әрбір отбасы үлгілі , балалары тәртіпті, зорлық-зомбылық жасайтын адамдардан арылған , балаларға әрдайым қамқорлық жасай білетін , баланың абыройы мен құқықтарын құрметтейтін ел» болды.

3.Қорытынды.

- ХХІ ғасыр, қазақ халқының ғасыры болсын.
- Қазақ елім мәдениетті дамыған ел болсын.
- Қазақстан тәуелсіз егемендігін сақтасын.
- Елде бейбітшілік орнасын.
- Данышпандардың саны көбейе берсін.
- Қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын.
- Сыр елдермен достығымызнығаяберсін.
- Экономикамыз өрге бассын.
- Салт-дәстүрімізді сақтай, қадірлей білейік.
- Қазақстан елі- байтақ ел болсын.
- Демография жағынан қазақ халқының саны көбейе берсін.
- Отандық өнеркәсіп дамысын.
- Жастарымыз білімді, мықты болсын.

W00071 21.12.2020

Тәрбиеші болу-бақыт.

ЕЛЬЖАСОВА КАМИЛА ЧАЙКЫМУРАТОВНА
ШҚО, Зайсан ауданы, Сарытерек ауылы
«Балауса» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе - ас бер, он жыл қалғың келсе - ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе - бала тәрбиеле» дейді халық даналығы. Өскелең ұрпаққа тәлімді тәрбие сіңіру, болашаққа жарқын бағыт-бағдар беру, келешекке кемел боларлық ақыл-парасат меңгерту аса жауапты іс екені мәлім. Сондықтан да жауапкершілік жүгі ауыр осынау қажырлы іске бой ұрған әрбір маман қоғам арасында үлкен құрметке ие болатындай дәрежеге иек артуға тиіс. Мен үшін де осынау өмірімдегі ең қастерлі әрі қасиетті мамандық ол – тәрбиешілік. «Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағаным еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қырық атанға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін. Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол – өз қалауыңмен таңдаған кәсіп-мамандығыңа деген салиқалы ынтызарлық әрі ыстық ықылас дер едім. Өз еңбегіне жан-тәнімен берілген жан ғана өмірдің мән-мағынасын, қоғамдық ортадағы жауапкершілікті, тұтастай ұлттың ертеңіне қоса алар өзіндік үлесін тереңнен салмақтай алса керек. Бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәні адал әрі мағыналы, жемісті әрі нәтижелі еңбекте жатқандығын түбегейлі түйсіне алған әр адам биікке бастар жолдың қадірін салмақтай біледі. Қалаған ісіңе ғашықтық пейілмен қарай білсең, өмірден өз орныңды тапқандығың! Мұндай философиялық қағида бағзыдан қалыптасқан жоғары адагершіліктік ұғымдармен астасып жатыр. «Кәсібің – нәсібің» дейді қазақ даналығы. Шын жүрекпен қалаған кәсіп арқылы ғана және жемісті еңбек арқылы өмірлік несібеңді, абырой-беделіңді, қоғам алдындағы құрметіңді еселей аласың. Ал, тәрбиеші болу – айтуға ғана оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызы барлығын сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп жүрген жандар жақсы түсінеді.

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады.

Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – біздерге артылған аса жоғары міндет. Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші жанын салады. Ендеше, олардың әрқайсысының еңбегі қашанда құрметке лайық деп білемін. Педагог К.Гельвеций: «Тәрбиеші – балаларға ересек әлемге есік ашатын сиқыршы. Тәрбиешінің білімі мен біліктілігіне тәрбиеленушілерінің болашағы тәуелді», деген екен бір сөзінде.

ТӘРБИЕШІ! Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз деп танымын. Өйткені, біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Өйткені, біз жас ұрпаққа қазыналы да бай ана тілі – қазақ тілін сіңірудеміз. Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгіліктерді, жалпы адамзатқа ортақ өркениеттік ұстанымдарды жұғысты етудеміз. Даңқты қаһарман Бауыржан Момышұлы: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту» деп ескерткен болатын. Біз осынау қауіптің болмауына бас-көз болып, тіліміздің, діліміздің жас ұрпақ бойына бай әрі қазыналы қалпында сіңірілуіне күш салудамыз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, менің де осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғанымда он үш жыл болған екен. Қиындығы мен қызығы, ауартпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым - үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр тәрбиеленушімнің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау. Тәрбиеші болу – әр балаға екінші ана болуға парапар еңбек. Анадай мейірім мен қамқорлық таныту, аялы сөздермен ілтипат білдіріп, ізгіліктерге бағыттау біздің күнделікті еңбегімізде өріліп жатыр. Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, бұл – бала жанын тереңнен сезінетін, өз ісін жан-жақты білетін, бүлдіршіндерді жан-тәнәмен сүйе алатын, оларды бағалай білетін нағыз маманның қолынан ғана келетін жұмыс. Ұлы педагог Г.Песталоцци: «Егер де сүйе білмесең, тәрбиелеу құқыған жоқ», деген екен.

Ал В.Сухомлинский: «Баланың шығармашылық қабілеті мен дарынының бастауы - саусақ ұштарында», дейді. Осындай қағидаларды басшылыққа алған мен өз тәжірибемде: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін бейнелеу өнері арқылы дамыту» тақырыбы бойынша жұмыс жүргізудемін. Тәрбиешілік жолдағы басты мақсатым - бейнелеу өнері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың констркутивтік, танымдық, шығармашылық, іскерлік қабілеттерін дамыту.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту еңбекке деген рухани адамгершіліктің қалыптасуына серпін беріп, негіз болады. Бірақ бұл қажеттілік балаға күш салмай іске асуы мүмкін емес, сондықтан оны еңбексүйгіштікке,

шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, дербестікке, белсенділікке және өз еңбегімен айналасындағыларға қуаныш сыйлауға талпынуына тәрбиелеу қажет.

Халқымызда «Жас келсе - іске» деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты тәрбиеші-ұстаз, бақытты жанмын деп білемін.

Батыр Бауыржан Момышұлы: «Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деп ұлы ой айтқан болатын. Біз бақшадағы бүлдіршіндерді жақсылық атаулыға тәрбиелеуге, тамаша ортада тәлімді тәрбие беруге әрдайым жауаптымыз.

«Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы», дейді ғұлама А.Құнанбаев.

Мұндай қағидалардың барлығы біздің күнделікті жұмысымызда басшылыққа алынуға тиіс екенін ұмытпай, еңбегімізді осы бағытта құрамыз. Он жылдан аса тәрбиешілік еңбекте жүріп түйгенім – тәрбиешілік еңбекке мен басыбүтін бой ұсынып, әбден қалыптастым. Бүгінде балаларға мейірім төге отырып, биік белестерге жетуіне жауапты екенімді ешуақытта естен шығармаймын.

«Ұстаз... Жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көреген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және арнамысын ардақтайтын, жақындарын да, жат адамдарды да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деп, Әл-Фараби айтып өткендей, біздің балабақшаның тәрбиеші-педагогтары осы қабілеттерді ұстаздық жолында бірге алып жүрген жандар деп айтсам қателеспеймін. Біздің балабақша ұжымы аз ғана уақыт ішінде биік белестерден көрініп жақсы жетістерге жетіп, еліміздің болашағы кішкентай бүлдіршіндерді тәрбиелеуде.

Жұмысымдағы алдына қойған түйінді мәселем - балалардың танымдық қабілетін жан-жақты дамыту, әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзі сенімін нығайту және де ана тіліне деген сүйіспеншілікті ояту.

Мемлекеттік стандарт талаптарын орындау барысында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің саяхат, ойын, пысықтау, кіріктірілген түрлерін жиі қолданып, жақсы нәтижелерге жету

Халқымыздың рухани көсемі А.Байтұрсыновтың «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» деген пікірінде үлкен ой жатыр.

Қисық біткен талды жастайынан түземес, буыны қатқан соң оның көлеңкесі де қисық болып тұрады. Ал, ұлы бабамыз Әбу Насыр Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім азаматтың қас жауы, ол келешекте оның өміріне зиян әкеледі» деген екен. Балабақша ұжымы аз ғана уақыт арасында жақсы жетістерге жетіп, еліміздің болашағы кішкентай бүлдіршіндерді тәрбиелеуде.

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» Абай Құнанбаев айтқанда, адамгершілікті, иманды, тәрбиелі адам- кез келген мемлекеттің байлығы, әлеуметтік өмірдегі бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі.

W00072 21.12.2020

ӘДІСКЕР -БАЛАБАҚША ЖҮРЕГІ

ТОКМАХАНОВА ЖАДЫРА АКЗАДАЕВНА

Қызылорда қаласы, «Инжу-Нұр» балабақшасының меңгерушісі, әдіскері

Біз даналықты үш жолмен үйренеміз:

Ойлану - ең ізгі жол;

Еліктеу – ең жеңіл жол;

Тәжірибе жолы – ең ауыр жол.

Бенедикт Спиноза

Әдіскер – балабақша жүрегі десек, жүрек үнемі тынымсыз, дамылсыз соғады. Жаңашыл әдіскер үнемі жүрек сияқты дамылсыз еңбеккер болуы шарт. Сондықтан да әдіскердің бойынан жан – жақтылық, ғылым– білімге деген ұмтылысы мен ізденімпаздығы мен қоса төмендегі қасиеттерді де игере білуі керек.

- әдіскер–жаңалыққа бағыттаушы;
- әдіскер– технолог;
- әдіскер–басқарушы;
- әдіскер– педагог;
- әдіскер–зерттеуші;

Бүгінгі қоғам құзырлы тәрбиешінің алдына баланың жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Құзырлы оқыту мен тәрбиелеудің маңызды факторы тәрбиешінің баланың тақырыптың мәнін қызығушылықпен қабылдауы және оны өзі жасап көруі болып табылады.

Сапалы оқыту - тәрбиеші бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс болып табылады, сапалы оқыту балалардың қоршаған ортаны жеңіл әрі тез меңгерту жағдайы. Сондықтанда ең ұтымды

инновациялық технологияларды қолдануды іс тәжірибеде көрсетемін. Үйренгенін ғана оқу қызметте қолданады. Әрбір педагогикалық технологияның өзіндік жаңа әдіс –тәсілдерінің ерекшеліктеріне қарай әр тәрбиеші өз ізденісі арқылы жеке баланың қабылдау деңгейімен қабілетіне сәйкес іріктеп пайдаланады. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріледі.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, балаларға заман талабына сай жан –жақты білім беру мүмкін емес. Жаңалықтан қалмай, сабағын түрлендіріп өткізе білетін тәрбиеші өзін -өзі дамытып, оқу –тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Менің жұмыс жүйем тәрбиешілердің тиісті сапалық деңгейге қол жеткізуіне бағытталған. Ол сапалық деңгей тәрбиешінің өзін кәсіби тұрғыдан ой толғауға қабілеттілігі, өзінің оқыту және оқу тәжірибесін өзгертуге, сондай –ақ инновациялық технологияларды тез игеріп, идеяларын іске асыруға, талдауға және бағалауға дайын маман ретінде тануы.

Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру үшін және де жан –жақты дамыту үшін тәрбиеші ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінде қызығушылықты арттыруға көңіл бөлсе ғана олардың өз бетінше жұмыс істеу қабілеті мен өз өзіне қызмет көрсете алуы, белсенділігі және тіл де дамып, логикалық ойлау қабілеті қажетті деңгейде дамиды, ал соның арқасында балабақша тәрбиеленушілерінің бәсекеге қабілеттілі мен зияты едәуір көтеріле түседі. Бұл жетістіктердің барлығы тәрбиешілердің тынымсыз еңбегі мен ізденісінің жемісі. Ал, тәрбиеші – баланың табысына қатты ынта қоятын, олардың рухани өсуіне мүдделі, жауапты да қамқор адам екенін ұмытпауы керек.

Тәрбиеші - алдымен баланың оқу тәрбиеге деген қызығушылығын ояту қажет. Баланың қызығу жәрдемімен оқып – үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне мүмкіндігінше сенімі артады мендігі қалыптасып, жеке тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды.

«Әр бала – зерттелмеген құпия, Әр бала – болашақтың данышпаны» деген қанатты сөзді ұстана отырып, күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметтің табысты да нәтижелі ұйымдастыруда жан –жақты ізденіспен өтуін қадағалап, бағыттап отырамын.

Тәрбиешінің бірінші орында балаға жан тәнімен жылуын беру, өз мамандығын сүйетін жан болу керек деп түсінемін. Менің өмірдегі бақытым – жүрек қалауым балалармен жұмыс жасау, балалардың қуанышымен күлкісінен нәр алу. Ғұлама ұстаз Әбу Насыр Әл – Фараби айтқандай «Білім берме, тәрбие бер» - деген екен «Тәрбие – өмірдің өзекті мәселесі» екенін есімізге сала отырып, біз өз – өзімізді ізгілікке, имандылыққа, ұлтжандылыққа, адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелесең ғана, баланы дұрыс баулығаның!

Сонда ғана балаларымыздың болашағына, тәрбиесіне жауапты жандармыз. Балабақшаның әрбір күнін қызықты да тартымды, мәнді де мағыналы өткізуді

жоспарлаған тәрбиешінің мақсаты – бала тағдырына жауапты екенін естен шығармау. Сол себептен өз ісімді балабақшамыздағы тәрбиешілердің заман талабына сай білімдерін жетілдіріп, шығармашылықпен жұмыс жасауына бағыт бағдар беріп қолымнан келгенше көмектесуге тырысамын. Үнемі бағыт - бағдар беріп отырамын. Біздің балабақшамызда мамандардың өз шеберлігін арттыру мақсатында төмендегідей формада жоспарға сәйкес жұмыстары жүргізіледі.

Біріншіден педагогтарымызды міндетті түрде біліктілікті арттыру курстарына жіберіп, білімдерін жетілдіру. **Екіншіден** педагогтарды көптеген Республикалық, Қалалық семинарларға жіберіп тәжірибе алмасу жұмыстары.

Үшіншіден балабақшамызда ата – аналармен ынтымақтаста жұмыс жүргізу. Төртіншіден инновациялық ізденіс, түрлі тақырыптарда тәжірибе алмасу мақсатында семинар кеңестер өткізіп отыру.

Жас мамандарға аға тәрбиешілер бекітіліп, білікті педагогтармен бірлесе отырып жас мамандармен де жұмыстар жүргізу жүйелі жолға қойылған. Әдіскердің яғни менің ұстанымын өзімнің айналамдағы тәрбиешілеріме кеңес беруге, барынша жан жақты ізденіп ақпарат таралып, балабақша тәжірибесінде кадрларымның қолдану жолдарын іздестіріп ұсынамын.

Менің әдістемелік қызметімнің жетістігі өз педагогтарымның өзін – өзі тануға ықпал жасау. Әрбір педагог маман шеберлігін, шығармашылығын, талантын жаңғыртып, өз ісінің шебері атанса мен үшін үлкен мәртебе.

Балабақша тәрбиешілері барлық балабақшалар секілді келешек ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне барынша қызмет етуде. Аз уақыт ішінде көптеген жетістікке жетіп, әдістемелік кітаптарды жаңарттық, әлі де талай тәжірибе жинап еңбектенеміз. Сөзімді қорыта айтқанда балабақша кішкентай бүлдіршіндеріміздің екінші үйі. Балалар еліміздің болашағы қоғамымыздың өрлеп дамуы өсіп келе жатқан жеткіншектердің ой – өрісіне рухани адамгершілік тәрбие бере білуімізге байланысты. Сол келешек өсіп келе жатқан жасұрпақтың иелерін жан - жақты ой - өрісін, өмірге бейімділігін, ақыл парасаты мол, халқын, салт – дәстүрін сүйетін бүлдіршін бала тәрбиелесек нұр үстіне нұр болады.

W00073 21.12.2020

Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі

КЕРЕЙТБАЕВА САУЛЕ УСЕНОВНА

Қызылорда қаласы, «НұрлыБақ» балабақшасының әдіскері

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасқан күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланады да балабақшамен тығыз байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Педагог ғалымдарының тұжырымына сүйенсек, тұлғаны қалыптасу нәтижелілігі, ең алдымен отбасындағы өнеге байланысты. Отбасындағы ересектердің мінез – құлқына, әдебіне, іс – әрекетіне қарап өсіп, тәрбие көрген баланың да қандай екенін тану қиын емес.

Мектепке дейінгі ұйымдардың отбасы арасындағы өзара ықпалдастығы мына төмендегідей негізгі бағыттарға көңіл бөледі:

- педагогикалық және психологиялық сауаттылықты жетілдіру.
- іс – әрекеттің түрлі формалары (ұйымдастыру оқу іс – әрекеттерге қатысу, әр түрлі мерекелік шаралар)
- балалардың шығармашылық әрекетін дамыту,
- қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу,
- әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету.

Осындай негізгі бағыттарды іске асыру үшін мектепке дейінгі мекемелермен отбасының арасында тығыз байланыс қажет. Осы бағыттағы тәлім – тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана көзеген мақсат нәтижелі болмақ.

Бала тәрбиесіне тек балабақша, мектеп қоршаған орта ғана емес, сонымен қатар отбасы мүшелерінің бәрінің тигізер әсері мол. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата – аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата – аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыпты өздері ұсына алады. Сондай – ақ, оларға ұсыныс, тіректермен санаса отырып, ата – аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ – жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата – аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс – тәсілдері қарастырылады.

Отбасы — бұл баланың өмір сүру ортасы яғни, қамқорлықтың тұрақты көзі. Тәрбиелеу мен қарапайым [білім](#) мен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орта. Осы орайда бала [білім](#) нәрімен сусындайтын алтын ұясының алатын орны бөлек. Біріншіден, бала уақытының көп бөлігін балабақшада өткізеді, тәрбиешілерінен, ұстаздарынан дәріс үйренеді.

Демек, отбасы мен балабақша арасындағы қарым – қатынастың алар ролінің қаншалықты маңызды екенін осыған қарап топшылауға болады. Балабақша ұжымы ата – аналарды ұйымдастырып, балаларды балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс – шаралар жиі өткізіп тұрамыз. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер, тренингтер, сауалнамалар жатады. Осындай отырыстар арқылы ата – аналар бір – бірімен жақынырақ танысып, ортақ өзекті мәселелерді бірге шешуге тырысады.

Бұл дегеніміз, ата – ананың қоғам алдындағы жауапкершілігі артады. Балабақша мен отбасы, ата – анамен бала арасындағы достық, бауырмалдық қарым – қатынастардың қалыптасуына игі ықпалын туғызады. Мектепке дейінгі мекемеде өткізіліп жатқан спорттық жарыстар салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мен қатар ата мен бала арасындағы сүйіспеншілікті, ынтымақтастықтың да нығаюына септігін тигізеді. Қарап тұрсаңыз, отбасы мен балабақша бір – бірінен бөлек алып қарауға келмейтін егіз ұғым секілді. Ол — саналы ұрпақ тәрбиелеуде зор жетістікке жеткізетін берік одақ. Осы екі одақ бірлесіп, ынтымақтасқанда ғана күрмеуі қиын талай мәселелердің түйіні шешілетіні анық. Балабақшада балалармен, ата – аналармен ынтымақтаса жұмыс істеу нәтижелігінің диагностикалық зерттеу графигін құрып, ата – ананың балабақшаға деген көзқарасын қалыптастырдық. Ата – ананың қатысуымен «Әкем, шешем және мен», «Отбасы алтын діңгек», сонымен бірге ашық ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттерге ата – аналар қатыстырылды. Ондағы мақсат, жаңа технологияларды ата – аналарға бағыттау, әдіс – тәсілдерді түсіндіру, жақсы нәтижені көрсету барысында жетістіктеріне қол жеткізу. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» — дегендей, бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілген тәлім – тәрбие сабақтаса ұштаса жүргізілгенде ғана мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларымен бірге отырып, жұмыс жасау оның ішінде отбасы бұрышын құрып, олармен жеке – жеке жұмыс жүргізу өз нәтижесін береді. Отбасында ата – аналарға педагогикалық білім беру өте қажет, себебі, ата – ана бала тәрбиесінің мақсат – міндеттерін айқын түсінбей, бала тәрбиесінің жолдарымен амалдарын ойдағыдай іске асыра алмайды. Осы тұрғыда балабақшамыз отбасымен сабақтастықты орнату бағытында ата – аналарды оқу – тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістемесімен таныстыру, ата – аналармен педагогикалық – психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру, ата – аналарды бірлескен әрекетке тарту сияқты негізгі жұмыс мазмұнының қызметтеріне сүйене отырып, өзара әрекет байланысының міндеттерін жүзеге асырады. Ол:

- ата – аналарды белсенді педагогикалық ұстанымдарын қалыптастыру
 - ата – аналарды педагогикалық білім мен білік дағдыларымен қаруландыру
 - бала тәрбиесіне ата – аналарды белсенді қалыптастыру.
- Бұл жұмыстардан мынадай нәтиже күтуге болады.

1. Ата – аналар тарапына туындайтын белсенділік, қызығушылық.
2. Жауапкершілік және өздік жұмыс.
3. Мақсатқа жету деңгейі, тиімділігі, қанағаттылық.
4. Отбасының мектепке дейінгі мекемеге қосатын үлесі.
5. Алынған білімді қолдану, бала тәрбиесіне қатысты қолданылатын технологиялар.

Міне, біздер — тәрбиешілер, ата – аналар, қоғамдық ұйымдар, бала тәрбиесіне, оның келешегіне зор жауапкершілікпен қарап, тәрбие жұмысының тиімді әдіс – тәсілдерінің ынтымақтаса жүзеге асырсақ, жұмыр жер тағдырын, еліміздің болашағын күні ертең бүгінгі балабақша ұландарына сеніммен тапсыруға болады. Біздің мақсатымыз – заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан – жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

W00074

21.12.2020

Оқушылардың оқуға құштарлығын оятудағы кітапхананың ролі

АКТАУОВА РАЙКУЛ МЕРГЕНБАЕВНА
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Абай ауылы
№59 орта мектептің кітапханашысы

*«Тек кітап қана алға жылжуды, адамдық шыңына шығуды үйретеді»
Н.Ә.Назарбаев*

Кітап – барлық білім мен ғылымның қайнар көзі, сарқылмас бұлағы. Кітап сегіз қырлы, терең сырлы тәрбиеші, ұлы үйретуші. Кітаптың құдереттілігіне Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «XXI ғасыр – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі - кітапта» деген болатын. Яғни кітап ұстаздарға да ұстаз бола аларлық қасиет иесі.

Кітап оқу – өнер. Кітап оқуды неліктен өнер дейміз? Оқудың да түр-түрі бар. Оқудың өнер ретіндегі сипатын анықтайтын басты нәрсе – оқырманның өз алдына мақсат қойып оқуы. Бұл тану, түсіну. Мұндайда кітаптың әрбір сөйлемі, әрбір беті ойдан, көзден таса қалмайды, оқырманның кітап арқылы әлемді танып және оқудан өзіне пайда ойлауға тырысуынан басталады.

Кітап оқу мәселесі бүкіл ұлтты толғандыруға тиіс. Ұлттың рухани сауаттылығы кітап оқуға тікелей байланысты. Әр елде жүргізілген тәжірибелер арқылы мынадай жағдайлар анықталған: кітап оқитын адамдар белгілі бір мәселе төңірегінде тез шешім қабылдауға бейім, есте сақтау деңгейі, шығармашылық қабілеті жоғары, сөздік қоры бай, ойын еркін жеткізе алатындығымен, елмен жақсы қарым-қатынас жасай білетіндігімен ерекшеленеді екен.

«Медиатека » дегенде түсінетініміз - әртүрлі нысандағы құжаттарды жинақтаған және қажетті арнаулы құрал-жабдықтармен және техникалық құралдарды пайдалана отырып, оларды пайдаланушыларға жоғары деңгейде ұсынатын қазіргі заманғы озық кітапхана.Кітапхана- медиатека мектептің жергілікті жүйесінде бола отырып, әлемдік ақпараттар қорына шығуға жол ашады.

Мектеп кітапханаларында жаңа ақпараттық технология ендіру мақсатында барлық кітапханашы мамандармен кітапхана ісінің негізгі бағыттарына арналған семинарлар,курстар, яғни әртүрлі тақырыптарда тәжірибелік сабақтар ұйымдастырылды.

Кітаптың әлемдік өркениетке үлесі шексіз. Қазіргі кезде интернет , теледидар, радио, басқа да ақпарат құралдары кітаптарды ығыстырып бара жатқандай әсер қалдырды. Алайда кітапты ешқандай жаңа технология ығыстыра алмайды. Өйткені адамның жан-дүниесін , армандары мен сезімдері мен психологиясын кітаптай ешнәрсе жеткізбейтіні анық.

Сондықтан да кітап әрдайым басты рухани байлығымыз болып қала бермек. Қазіргі кітапханалар – ақпараттық, мәдени - ағартушылық, ғылыми-зерттеушілік мекеме. Кітапханашы тек қазіргі заман талабына сай технологияны біліп қана қоймай сонымен бірге оны сауатты түрде қолданады.

Кітапханашылар мен педагогтар алдында тұрған міндет – ХХІ ғасыр азаматтарына алуан түрлі ақпараттар ағымында жөн сілтеп, пайдалыларын өз игіліктеріне жұмсауға үйрету. Ақпараттық қоғам тіршілігіне әзірлеу. Қоғам өз кітапханашыларының мәнін әлі түсінбейді. Көпшілігі кітапхананы тек кітап сақтайтын, кітап беретін орын есебінде қарайды. Көпшілігі интернет қызметіне үйренген, олар электронды тасығыштарды, соның ішінде компакт-дискілерді, сақтау және ақпараттық жеткізу құралдарын қолдана біледі және кітапханаға білім мен жаңа технология үндескен қазіргі заман талабына сай мәдени орталық ретінде қарайды.

Бұдан жарты ғасыр бұрын дүниежүзі кітапхананы тыныш жайлы, кітап сөрелері мен каталог жәшіктері орналасқан және оқырмандар залында кітапқа үңілген оқырмандарға толы ғимарат есебінде көрсетті. Мұндай суретті қазір де байқауға болады. Бірақ қазір кітапханалар монитор алдында отырған компьютерлі оқырмандар залы пайда болды.

Компьютер көмегімен олар электронды кітапханаларға шыға алады, электронды кітаптар оқиды, электронды беттерді парақтайды. Интернеттің кез-келген тұтынушысы кездестіретін проблемалардың бірі – ақпаратқа қол жеткізу проблемасы. Ол , біріншіден, ақпарат көлемінің өте толықтығынан көрініс табады. Қазіргі уақытта интернет ресурстарын пайдалану кітапханаларды іріктеу және технологиялық процестерді негізінен өзгерту фактісінің бар екенін жоққа шығармайды.

XX ғасырдың соңында адамдар жаңа технологиялық тасқынның куәгері болды. Компьютермен интернет, жаңа байланыс құралдары, қызмет көрсетудің жаңа түрлері, ғылыми жаңалықтар осының бәрі оқушылардың ойына әсер етеді.

XXI ғасырда адам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру, компьютерлік желі, электронды және телекоммуникация, электронды оқулықтарды даярлау. Бұлар оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасын көтеруге әсер етеді. Жаңа электронды оқулықтардың дүниеге келуімен берілетін білім мазмұны да өзгереді сөзсіз. Болашақта әр оқушы компьютерлік технология арқылы интернет дүниежүзілік білім әлеміне еніп, одан өзінің қажетін білімді толығымен алуға қажетті ақпараттық мәліметтерді ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді осы мәселенің шет елдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туады. Мұның өзі оқыту үрдісіндегі жаңа тенденция екенін көрсетеді. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі компьютерлік техникалық құралдарды оқыту процесінде пайдаланудың тұжырымдамасы компьютер сабақтарын ақпараттандырумен қатар, әдістемелік құралдар жасау, сонымен қатар білікті мамандар даярлау.

Бүгінгі заманауи азамат тек қана оқу, жазу, сызу, сөйлеумен, сонымен қатар, тек ақпарат алуға мүмкіндік беретін қызмет сауаттылықпен қана шектелмей ақпаратты өзі үшін бағалауға және оны өз мүддесіне пайдалану дағдысына қол жеткізуге, яғни әлеуметтенуге ұмтылуға қажет және бұл заңды құбылыс.

Кітапхана - дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап - білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор.

Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек.

Кітап – адам өмірінде маңызды роль атқарады. Ол елді, жерді сүйуге талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл - кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Кітап біздің рухани жан азығымыз.

Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт - дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде.

Мектеп кітапханасы кішкентай болғанымен атқарар қызметі үлкен. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жаздырып алып отырады, білімдерін толықтырады.

Бұл орын оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Кітапханада көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады. Мысалы: «Мейірімділік шуақтары» библиотерапиялық кеш, «Класс пен мектеп намысы дегеніміз не?» пікірталас, «Кітапхана білімпаздар мекені» кеш, «Әдебиетке балалықты әкелген» конференция, «Ардақтайық ата тілін» кітап көрмесі, «Туған елім-Қазақстан» ауызша журнал, «Ата мұрам - асыл қазынам» сайыс, «Денсаулық - байлықтан да қымбат» ертеңгілік т.б. бірнеше көптеген іс-шаралар өткізілді.

Бүгінде балаларға арналған көркем әдебиеттер мен мектеп кітапханасының қоры толықтырылуда.

Өмірде бар нәрсе өзгерді, тек кітапхана халық қажетіне жарап, ғасырлар бойы жасамақ. Осы құндылығымыз ешқашан жоғалмай, келешек ұрпақ осы асыл қазынамыздан нәр алып сусындай берсін.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш - білім және білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі. Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға дегенде рухани жан - дүниесі бай, білім мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлғаны айтамыз.

Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу, жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, батырлық, отансүйгіштік, тағы басқа қасиеттер болу керек.

W00075 21.12.2020

**Биология пәні бойынша жаңартылған білім
мазмұнына сай сабақты тиімді жоспарлау**

ЖАЙЛАУБАЕВА ШЫНАР ТАГАНОВНА

Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Ақжар ОМ КММ

Биология пәнінің мұғалімі

Сабақты жоспарлауда алдымен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әрбір жылдарға арналаған оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа аламын. Атап айтсақ:

- ❖ Сабақты ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу;
- ❖ Орта мерзімді жоспарда ұсынылған барлық іс-әрекеттерді ұйымдастыру ұсынылады;
- ❖ Мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады;

ҚМЖ-ны жоспарлауда анықтап, әзірлеуге қажеттіліктер:

- Тілдік оқу мақсаттары- терминдермен жұмыс;
 - Саралау – оқушыларға қалай қолдау көрсетуді жоспарлау. Оқушылардың қабылеті қандай? Берілген материалды меңгергенін қалай тексеруге болады?
 - Пәнаралық байланыс;
 - Ұлттық құндылықтарды дарыту, денсаулығын қамтамасыз ету;
- Сабақты жоспарлауда мысал ретінде 8 сыныптағы биология пәні бойынша «Жүрек-қан тамырлар жүйесінің аурулары» тақырыбында негізінде тоқталып өтемін.

Сабақтың басты міндеті – оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсатынан туындайды. Оқу мақсаттары оқу бағдарламасы мен ҰМЖ-дан алынып тура сол қалпында ҚМЖ-ға қойылады. Мысалы: 8.1.3.12-қан-тамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау.

Сабақ мақсаттары оқу мақсаты негізінде жасалады.

Мысалы: 1.жүрек- қан тамырлар жүйесінің ауруларын білу, жүйелеу;

2.жүрек-қан тамырлар жүйесінің ауруларының туындау себептерін табу, аурудың белгілерін сипаттау, аурудың алдын алу шараларын ұсыну;

Сабақтың үйренген нәтижелерін қалай көруге болады? деген сауал туындайды. Бағалау критерий лері- мұғалім мен оқушыға қатыстырушы бағалау кезінде оқытудың мақсатына қол жеткізгенін тануға мүмкіндік беретін

тұжырым. Сабақты бағалау критерийлері туралы әлістемелік нұсқау хатта былай делінген: «Әр оқу мақсаты бойынша бағалау критерийлерін мұғалім әзірлеуі тиіс. Сондай-ақ, мұғалім өзінің білім алушыларының дайындық деңгейіне сәйкес келсе, ЖӘК порталына орналастырлған жинтық бағалау бойынша жинақтарды бағалау критерийлерін пайдалануға құқығы бар» делінген. Мен пән мұғалімі ретінде басты назар аударатыным бағалау критерийлері сабақ мақсаттарына жету емес, оқу мақсаттарына жеткен-жетпегендігін анықтауда барлық оқушылардың үйрену нәтижелерін қарастырамын.

Мектепте пән мазмұны мен тілді үйрететін орта қалыптасуы қажет деп білемін. Әр пәннің өзіндік сөйлеу ерекшеліктері бар.; стиль, лексика, синтаксис. Осы арқылы оқушы пән мазмұнын игеріп, ойлауы да жақсарады, өйткені оқушы тіл арқылы ойлайды. Мұғалім сабақта оқушылардың назарын ғылыми тілге аудару керек.

ҚМЖ-да тілдік мақсаттар мынадай түрде көрінуі тиіс:

О Тілдік дағдылар: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым(миға шабуыл ойынында сұрақ-жауаптар, тақырып аясында сұхбат, тапсырмалар негізінде жазба жұмыстары)

О Терминология: пәнге қатысты арнайы лексика және терминдер(гипертония, миокард, инсульт, инфаркт)

О Сөз тіркестері:Диалогқа түсірілетін сөз тіркестері (үлкен қан айналым, кіші қан айналым)

Тілдік мақсат әр сабақта оқушының ойлауы мен санасын арттыруы сөзсіз. Әл Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» деген сөзі үйретудің негізгі қағидасы деп білуге болады. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқау хатында былай делінген: «Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсіл – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерше қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу процесі білім алушының бойында тұлғалық құндылықтарын жүйесін қалыптастырады».

Орта білім берудің құндылықтары ретінде:

- a. Қазақстандық патриотизм және азаматтқ жауапкершілік
- b. Құрмет
- c. Ынтымақтастық
- d. Еңбек пен шығармашылық
- e. Ашықтық
- f. Өмір бойы білім алу.

Мен ұсынып отырған сабақ жоспарында құндылықтар: «Зайырлы қоғам және жоғары руханият»

Пәнаралық байланыста әдетте мұғалімдер пән атауларын жазып қояды. Бұл жеткіліксіз деп білемін. Бүгінгі білім беру жүйесінің басты ерекшеліктерінің бірі мынада: оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелер тек танымдық-пәндік тұрғыда ғана қалыптастырылмай, тұлғалық және метапәндік деңгейді қамтиды. АКТ-ны қолдануда оқушыларға осы сабақта қандай АКТ дағдыларын дамытамыз сол көрсетілуі керек.

Кез келген жаңа тақырып таныс ұғымдар арқылы меңгеріледі. Бұл бөлімде оқушылар осы бөлімде бұрыннан не білетіндігі көрсетіледі. Бұл жерде бағдарлама бойынша оқылған алдыңғы тақырып жазылмайды.

Мысалы: - Қанайналым жүйесінің пайда болуы

- Үлкен кіші қан айналым жүйесінің шеңбері

- Қан тамырлар

Кез-келген жаңа тақырып таныс ұғымдар арқылы меңгеріледі. Саралауда іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер: оқушыға дербес көмек көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабылеттерін есепке ала отырып беруге болады. Нені саралауға болады?

1. Тапсырмалардың білімге сәйкестігі

2. Нәтижелердің жекелей оқушыға қатыстылығы

3. Жұмыс жасау қарқыны орындауда уақытты тиімді, ұтымды пайдалана білуі

4. Қолдау оқушыларға тапсырманы орындауда қолдаудың түрлілігі

5. Ресурстар тапсырма бірдей болғанымен ресурстардың түрлілігі

6. Топтастыру. Қабылеттеріне қарай топтастыру

7. Ақпарат оқушыға байланысты көлемі

8. Рөлдер тапсырманы орындаудағы қабылетке байланысты рөлге бөлу

9. Үй тапсырмасы түрлілігі

10. Диалогта әртүрлі сұрақтар қолдану;

Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлаймын?

Бағалау дегеніміз - оқушылардың сабақ барысында нені үйренгенін бағалауға қолданатын әдіс-тәсілдер кіреді. Сабақта қалыптастырушы бағалау жүргізіледі. Сабақ жоспарында қалыптастырушы бағалауды қалай қолданатынымыз жазылады, яғни оқушыны дамытуға бағытталған сындарлы кері байланысты қамтамасыз етуіміз керек.

Сабақ жоспары үш кезеңнен тұрады. Әрбір сабақтың мәнді өтуі сабақта раппорт құрылудан басталады. Раппорт сабақ тақырыбы мен мақсатын талқылаудағы оқушыларға берілген сауалдар көрсетіледі. Дұрыс берілген раппорт сабақтың нәтижелі болуына ықпалдасады.

Сабақ мақсатына жетуде 2-3 тапсырмадан аспаған тиімді. Тапсырмаларды жазуда әрбір тапсырмаға мақсат, критерийі мен дискриторлар жазылады. Оқушыларға кері байланыс ұсынылады. Тапсырма орындалғаннан кейін рефлексия жүзеге асырылады. Сабақ соңында сабақ бойынша рефлексия

жазылады. Сонымен қатар үй тапсырмасын беруде де мақсаты, критерийлері мен дескрипторлары талқыланады. Енді сабақ мақсатына жетуде оқушы қызығушылығын арттыруда осы тапсырмалардың тиімді нәтижеге жетуінде әдіс-тәсілдердің орыны бөлек.

1-тапсырма.

Оқулықпен жұмыс. «Джиксо» әдісі.

Оқулықтағы мәтінді екі топқа бөліп, талдайды.

Мақсаты: мәтінді оқып, мазмұнын түсінеді, талқылайды.

Критерий:

Жүрек-қан тамырлар жүйесінің ауруларын біледі.

Дескрипторлар:

1. Мәтінді оқиды

2. Мәтінді талқылайды

Кері байланыс: Сұрақ-жауап

1. Гипотония дегеніміз не?

2. Жедел-жәрдем дегенді қалай түсінеміз?

3. Егер мидың қанмен қамтамасыз етілуі бұзылса қандай ауру пайда болуы мүмкін: (инсульт) (10-мин)

Сонымен қатар оқушы өзін-өзі тәсіл арқылы бағалайды.

Бұл тапсырмадағы тәсілдердің тиімділігі:

- Мәтінді бір мезетте бөліп оқи отырып топтарда аламаса отырып келесі топқа түсірдіреді. ЖАДА ерекшелігі оқушылардың бір-бірінен үйренгені өте тиімді

- Кіріспе сұрақтар арқылы Блум таксаномиясы бойынша ойлауды қажет ететін сұрақтар беріледі

- Бас бармақ арқылы бала өз жағдайын жеткізеді мұғалімге. Мұғалім өзіне осы кері байланыс нәтижесінде келесі қадамын жоспарлайды.

2-тапсырма. Постер қорғау

Мақсаты: Жүрек-қан тамырлар жүйесінің ауруларының туындау себептерін тауып, аурулардың алдын алу шараларын ұсынады.

Критерий:

1. Жүрек-қан тамырлар жүйесінің ауруларын ішіндегі жиі кездесетін ауруларды сипаттап бере алады.

2. Жүрек-қан тамырлар жүйесінің ауруларының алдын алу шараларын ұсына алады

Дескрипторлар:

Суреттерді анықтайды

Аурудың алдын-алу шараларын ұсынады

Кері байланыс:

1. Егер адамның қан қысымы көтерілген жағдайда не істеу керек:

(құрамында нәруызы бар тағамды аз пайдалану, 8-9 сағ ұйықтау, таза ауада серуендеген жөн)

2. Алдын алу шаралары туралы не білдік?

(дұрыс тамақ, никотин, алкоголь, улы затт аулақ болу)

Бұл тапсырмадағы тәсілдердің тиімділігі:

- Постер жасауда оқушылар бірлеседі
- Барлық оқушы белгілі бір жұмыспен шұғылданады.
- Қабылеттері анықталады
- Оқушы кітапта берілген мағлұматтардан шығады, ізденеді
- Дәлелдемелер көрсетеді
- Өзіндік шығармашылық идеялар туындайды
- Жекелей оқушының белсенділігі айқындалуы мүмкін

Қазіргі таңда оқушылардың сабақта берілген тапсырманы қабылдауы әртүрлі. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескерген де жөн. Мен өз сабақтарымда 8 сынып оқушыларының визуал, яғни көзбен көре отырып қабылдайтындығын бақыладым. Сонымен қатар оқушылар қолмен жасағанда сабақ мақсатын жете алатындығымды түсіндім. Сондықтан әрбір сабақта таныстырылымдар, видео жазбалар, суреттер, эксперименттер жаау, практикалық жұмыстар, түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланудамын.

Қорытынды.

Мектептегі білім сапасын көтеретін нақты механизмдер, ол – оқыту процесіне жаңа технологияларды кеңінен еңгізу. Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден гөрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алудың маңызы зор. Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әр қалай жүзеге асырылуы мүмкін.

X00023 21.12.2020

«Менің Қазақстаным - менің болашағым»

ШЫҢҒЫС АҚЕРКЕ АМАНБАЙҚЫЗЫ
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы КМҚК
№9 «Жансая» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Тақырыбы: «Менің Қазақстаным - менің болашағым»

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және Туы туралы білімдерін дамыту. Балалардың сезімталдық, қиялшылдық; естігенін, көргенін қайта жаңғыртып, есте сақтау, есіне түсіріп толқу, жақсылық істеуге талпыну сияқты қабілеттерін дамыту.

Өз республикасын танып –білуге, жақсы көруге, Отанына деген сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының картасы (балалардың суреттері жапсырылған түрлі түсті гүлдер), Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.

Қанатты сөз:

1. Туған жер – алтын бесік.
2. Отансыз адам , ормансыз бұл-бұл.

Сабақтың барысы:

Сабақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталады. (Балалар орындарынан тұрып әнұранды айтады.)

-Біздің республикамыз Қазақстан деп аталады. Біздің еліміз – тәуелсіз мемлекет. Яғни ,біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан; өз мемлекеттік әнұраны, елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар. Біздің ұлттық тіліміз –қазақ тілі. Республикамыздың президенті – Н.Ә.Назарбаев.

- Балалар, мынау біздің еліміз- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Тудың ортасында күннің 32 шұғыласы, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек – алтын түсті.

Балалармен сұрақ –жауап арқылы түсінгендерін пысықтайды.

- Балалар, тудан ненің бейнесін көріп тұрсыңдар?
- Күн, құс пен оюдың бейнесін көріп тұрмыз.
- Иә, өте жақсы, дұрыс айтасыңдар.
- Ал, енді, балалар, мемлекеттік туымыздың түсі қандай екен?
- Мемлекеттік туымыздың түсі: көк, көгілдір .
- Неге ұқсайды?

- Аспанға ұқсайды.
- Біздің мемлекеттік туымыз аспан түстес көк екен.

Балалардың жаттаған «Қазақстан жалауы» деген өлең жолдары тыңдалады.

Аспан түстес көгілдір,
Тік бұрышты матаның.
Ортасында төгіп нұр,
Күн жаяды шапағын.
Астында оның қалықтаған,
Қыран құстың бейнесі.
Азат елдің шалқыған,
Көңілі де білерсің.
Есте белгі ұрандар,
Сары алтындай сақталған.
Күн шұғыла қыранда,
Алтын түске қапталған.
Сол жағында матаның,
Сары түсті жолақ бар.
Мұратындай атамның,
Әсем өрнек ол ұлттық!

- Мынау біздің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемлекеттік Елтаңбасының негізі – шаңырақ. Ол – Елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ – мемлекеттің түп негізі – отбасының негізі. Шаңырақ – Күн шеңбері. Айналған күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі, көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар – дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты түлпар – қазақ поэзиясында кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты Тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз Елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Елтаңбасының авторлары – Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов.

Балалармен әңгіме жүргізіліп, «Біздің елтаңба» деген тақпақ айтылады.

Алтын қанат көмкерген,
Шаңырақ бар, уық бар.
Әсем бейне сен көрген,
Жай белгі емес ұғып ал!

Көгілдір түс аясы,
Бейбіт дала елесі.
Шаңырақ – жұрт панасы,
Уықтар -күннің сәулесі.
Сүйсіндірер өзінді,
Түсіне біл таңбаны.
Аңызда ұшқыр төзімді
Пырақ халық арманы.
Жоғарыға түсер көз,
Бес бармақты жұлдызға,
«Қазақстан» деген сөз,
Таныс барлық ұл-қызға.
Мағыналы , сымбатты,
Бар осындай белгіміз.
Маған, саған қымбатты
Елтаңбасы ол-еліміз!

СЕРГІТУ СӘТІ: Бір шаңырақ астында,

Тату-тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.
Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан.,
Бірлік асыл мұрамыз!

ата –бабамыздың өткен өмір жолына біраз шолу жасап қарасақ, «Не деген дархан ел, не деген төзімді де қайратты ел, не деген батыр да батыл менің елім!» деп көңілің көкке көтеріледі.

(Музыка ойнап, аяғын ақырын басып Ата шығады. Орындыққа келіп, демалып отырады. Осы кезде жүгіріп немересі шығады).

Немересі: Ата, не ойлап отырсыз?

Атасы: Ә, балам, атаң не атаң не ойламайды дейсін! Сенің болашағыңды ойлаймын. Еліміздің болашағы жайлы, өткен өмір жайлы ойлаймын, қуанамын!

Немересі: Ата, «өткен өмір» деген не?

Атасы: Ә, балам, «өткен өмір» деген сонау ежелгі бабаларымыздан бергі өткен өмір жолы, тарихи емес пе?

Немересі: Ол қандай болған?

Атасы: Ендеше тыңда, балам, атаң бір сөйлесін:

Болмаса да оқыған тарихшы атаң,
Жинадым ескілерден тарих хатын.
Мақсатым – кейінгі ұрпақ ұмытпаса,

Айтылған аталардың аманатын.
Есімі еш адамның өшпейді екен,
Артында ұрпақ жүрсе өздерінде,
Ұмыттырмас «Жеті атасын» парыз екен,
Бұрыңғылар ұрпақтың қамын жеген.
«Білмеген жеті атасын жетесіз» деп,
Өткендерін қалай да білесін деген.

Сондықтан, балам, сен де өз тарихыңды, жеті атанды білуге тиіссің. Сонау ерте кезде біздің ата - бабаларымыз 29 қазақ руының басын қосып, халық болып қалыптасуының негізгі болғаннан басталмай ма бұл тарих?

Менің елім – Қазақстан. Бұл әрбір дала перзентінің (кәрісі бар, жасы бар) көкірегінде мақтанышпен айтатын сөзі. Бұл тақырып төңірегінде сан ойландым, көп толғандым. Елім жайлы, алтын бесігім туған жерім жайлы азаматтық жүрегіммен толғана сыр шерте алар ма екем?!

Құс ұясыз,
Жыртқыш інсіз болмайды.
Отансыз жан өмірінде оңбайды,
Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды.
Тірі адамға сол қайғы,

деп ақын ағамыз Мұқағали жырлағандай, Отаны жоқ адамдар нағыз бақытсыз жан екен. Ал біз қазақ халқы нағыз бақ қонған халықпыз деп шаттана айта аламыз. Өзіміздің мемлекетіміз, тарихымыз, тіліміз, тәуелсіз еліміз бар.

Бала : Қазақстан туған өлкем.

Жер көп пе сендей көркем?

Көрсін деп күллі әлемге,

Жалауыңды желге желпем. (Ата мен немересі шығып кетеді.)

Ойын:

«Туған жерді гүлдендір»

(Балалар алдын ала суреттері жапсырылған түрлі түсті гүлдерді алып, әуен ырғағымен жүріп Қазақстан картасына апарып гүлдерін орналастырады.)

Балалар, Туған жерді гүлдендірер ұл-қызы міне, сендерсіздер.

Еліміздің келешек тағдыры, Қазақстан ертеңі өз қолдарыңызда. Туған елдеріңді өркениетті мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең ететін сендер. Ол үшін терең әрі жан – жақты білімді болу – міндеттерің.

«Туған жер –алтын бесік» - демекші, балалар, бүгінгі сабақта айтылғандарды өнеге етіп, елді, жерді сүюді, қадірлеуді өмірлік мақсат етейік – деп сабақты аяқтайды.

МАЗМҰНЫ

- *ДЕМЕУОВ НУРЛАН НАРГАЛИЕВИЧ*
- *ДЕМЕУОВА ТОҒЖАН АБДИМУРАТОВНА*
- *БЕШЕНОВА РОЗА НАЖМАДИНОВНА*
- *ОРАЗОВА ҰЛБОЛСЫН АЙДАРБЕКҚЫЗЫ*
- *ТОЛКУМБАЕВА АЙМКУЛ УШАКБАЕВНА*
- *САРМАНТАЕВА АКЗИРА КОБДАБАЕВНА*
- *ҮБӘЙТЖАН АЙНУР АЙТЖАНҚЫЗЫ*
- *ЕЛЬЖАСОВА КАМИЛА ЧАЙКЫМУРАТОВНА*
- *ТОКМАХАНОВА ЖАДЫРА АКЗАДАЕВНА*
- *КЕРЕЙТБАЕВА САУЛЕ УСЕНОВНА*
- *АКТАУОВА РАЙКУЛ МЕРГЕНБАЕВНА*
- *ЖАЙЛАУБАЕВА ШЫНАР ТАГАНОВНА*
- *ШЫҢҒЫС АҚЕРКЕ АМАНБАЙҚЫЗЫ*